



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

• ӨZEKTI

Жанармай бағасының инфляцияға әсері болмайды

«Жанармай қымбаттайды. Тіпті, тапшы болуы мүмкін!» Ел ауызындағы әңгіменің дені – осы. Әдетте белгілі бір мезгілде, атап айтқанда, күзгі егіс науқанына байланысты қымбаттап, артынша қалпына түсетін сұйық отын бағасының бұл жолғы «секірісі» өзге қымбаттаулардан өзгеше екенін біліп те, сезіп те отырмыз. Себебі – жақын арада жанармай тапшылығына тап болуымыз мүмкін. Үкімет басшысы Әлихан Смаилов дәл осылай деді. Солай екен деп, қол қусырып қарап отырса, соңы бұдан да зорғы салдарға алып келуі бек мүмкін екенін Үкімет те түсініп, жедел шара қабылдауға әрекет етті. Нәтижесі – шамамен 12 сәуірден жанармай бағасы қымбаттайды. Бірақ, бұйрық жобасы алдымен «Нормативтік-құқықтық актілер» сайтында әрі қарай келісу үшін жарияланады. Содан кейін ғана күшіне енебек. Бірақ, бұйрыққа қарайтын бензин жоқ. Қазірдің өзінде екі-үш теңгеге көтеріліп үлгерді.

Салтанат ІЛНИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халық дүрбелеңге түсті. Себебі, бензиннің қымбаттауы бәрінің бағасына әсер ететінін білу үшін «суперэкономист» болудың қажеті жоқ. Бірақ, жанар-жағармай бағасының қымбаттауы инфляцияға қалай әсер етеді деп алаңдаған қазақстандықтардың көңілін Энергетика экс-министрі Болат Ақшолоаков басқан болатын.

Оның айтуынша, бензин мен дизель отынының қымбаттауы инфляцияға айтарлықтай әсері бола қоймайды.

Жанармай бағасының инфляцияға қосар үлесі бойынша айтар болсақ, біз бағаны екі есе көтермейміз. Бензин 11%-ға, дизель отыны шамамен 20%-ға көтеріледі. Бірақ жанар-жағармай бағасының өсуі тауар бағасына айтарлықтай әсері болады деу – асыра сілтеушілік. Мәселен, 2021-2022 жылғы статистикаға сүйенер болсақ, осы кезде отын бағасы өзгермегенімен, тауар бағасы оған байланысты өзгерген емес, – деген болатын Болат Ақшолоаков.

Алайда, экс-министрдің өзі азық-түлік, тауарлар мен қызметтер бағасының өсуін жоққа шығармаған еді. Өзгерсе де шамалы ғана.

«Сондықтан, өзге дүниелерге баға айтарлықтай өседі деп ойламаймын. Мәселе – бағаны қадағалап отыруда. Әрине, баға шамалы өседі. Бірақ, мұның бәрі жоспарланған инфляция шегінде болады деген ойдамын. Жалпы инфляцияға қосқан үлесі, үлкен болады деп ойламаймын» деп өзінің де пікірін білдірген еді.

Бірақ, көлік тізгіндегендердің көпшілігі «қымбат болса да тапшы болмасын» деген түсінікпен бензиннің 1 литрін 180-220 теңге аралығында алатыны жасырын емес. Ал, бензин қымбаттаған соң жол ақысы да қымбаттайтыны рас.



Мәселен, жанармайды ең аз жағатын көлік күніне шамамен «А95» маркалы бензиннің 10 литріне 2200 теңге жұмсайды. Ал, оны бір айға шаққанда, 60 мың теңгеге шығындаласыз.

Көлігімнің қозғалтқыш көлемі жоғары болғандықтан, бензинді де әжептәуір жұмсайды. Мысалы, қала ішінде күніне «А95» маркалы бензиннің 15 литріне дейін тұтынатын кездер болады. Егер бұған дейін қалтамыз көтеріп келсе, ендігі жағдай қалай болатынын білмедім. Күніне 3500-4000 теңгеге дейін тек бензинге ғана жұмсаймын. Көлік болған соң сынбай тұрмайды. Оған да қаржы керек, – дейді Қарағанды қаласының тұрғыны Айболат Жандарбеков.

Ал, моторы қомағай көлік иелері бір күннің ішінде 15-20 мың теңгенің басына су құюы мүмкін.

Бензин бағасының қымбаттауынан көлік иелері одан бас тартып, құны жанармаймен салыстырғанда айтарлықтай арзан, яғни, шамамен 65 теңге тұратын газға ауысуда. Әлбетте, газ бағасының төмендігі оны 30%-ға дейін артық жұмсауы мен жабдықты орнату құнын қосқан күннің өзінде шығын өтелетіні анық. Бірақ, жабдық дұрыс орнатылмай, көліктердің өртеніп, жарылу жағдайы жиілеп кеткенін айтуда қарағандылық көлік жүргізушілер.

Бұл – бензин бағасының өсуінің бір салдары. Бірақ, Үкімет инфляцияның

9,5% көрсеткішіне қол жеткізу үшін басқа да факторлардың, оның ішінде сыртқы факторлардың бағаға қысымын төмендету бойынша жұмыстарды жалғастыратынын айтуда.

Атап айтқанда, азаматтардың табысын арттыру бағытында жұмыс жалғасады. Бірінші кезекте өңірлік жұмыспен

• БІЛІМ

Педагогтер жалақысына үстемақы төленеді

Биылдан бастап өндіріс орнында кемінде бес жыл жұмыс істеген колледж педагогтеріне аттестаттаудан өтпей-ақ «педагог – модератор» біліктілік санаты беріледі. Сондай-ақ, жалақысының 30% мөлшерінде қосымша ақы төленеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрілігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Еңбек өтілі 10 жылдан асатын педагогтердің жалақысына 35% үстемақы төленіп, «педагог-сарапшы» санаты беріледі.

– Білікті маман даярлауда негізгі орын оқу шеберлері мен колледждің арнайы пән педагогтеріне тиесілі. Өйткені олар студенттерге білім беріп қана қоймай, дағды қалыптастыру үшін өмірлік тәжірибелерін бөлісіп, өндірісте білгенін үйретеді. Сондықтан өндірістен тартылған педагогтер үшін осы шаралар қарастырылған. Колледждерде алғаш рет педагогикалық қызметке кіріскен және кемінде екі жыл өндірістік өтілі бар мамандар тестілеуден өтпей-ақ «педагог» біліктілік санатын ала алады. Сонымен қатар өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушылары аттестаттаудан өту кезінде тестілеуден босатылады, тек қызмет нәтижелерінің жалпы кешенді тексеруінен өтеді. Бұл өзгерістер колледж педагогтерін ынталандырады және кадр даярлау сапасын арттырады», – деді Оқу-ағарту министрілігінің Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Ернат Жүнісов. Сондай-ақ, зейнеткерлік жасына төрт жыл қалған педагогтер, 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер бұрын берілген біліктілік санатын растаған кезде тестілеуден босатылады.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған "Ortalyq Qazaqstan" облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы "Қазпошта" АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ редакцияда рәсімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша Қала	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг	3111,00 тг

Қарағанды қ. Ермеков к. № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Рүслан - 8-775-482-22-02

Ботагөз - 8-778-846-00-01

Нұрсұлтан - 8-705-902-04-05

Т: 43-57-89

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• ФОТОАЙЫПТАУ

Каскасыз жүруге жол берген кім?

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл Шахтинск қаласының Карл Маркс көшесінде сонау күзден бері салынып жатқан бес қабатты тұрғын үйдің құрылысы. Қазір оның бірінші қабатының төбесі жабылып, екінші, үшінші қабаттары қалануда. Бірақ қашан көрсен, жерде жүрген, не төбеде тұрған құрылысшылардың бір де бірінің каска кимей жұмыс істейтініне куә боласыз. Осы жолы да осындай көріністің үстінен түстім. Төмендегілер плиталар мен құм, цемент толы қаптарды кранның ілгегіне іліп, оны жоғарыға жібереді. Қабылдап жатқандар да каска кимеген. Ал олардың бас амандығы мен құрылыс басында техникалық қауіпсіздігін сақтауды қадағалап, бақылаған бір адамды байқамадық. Соған жауапты деген құрылыс шебері жөнін айтпақ түгілі бәрін жоғарыға сілтеді. Оның айтқанынан ұққанымыз, бұл үйді салып жатқан Қарағанды қаласындағы «Казжолқұрылыс» мекемесі екен. Мүмкін біздің сауалымызға солар жауап беретін шығар...

ШАХТИНСК



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Көкше көлдің жағасы көркейеді

4 сәуір күні Балқаштағы Қоңырат шағын ауданы мен Балқаш станциясындағы магистральдық су құбырында ірі апат болып, тұрғындар ауыз сусыз қалды. Белгілі болғандай, диаметрі 800 мм құбырдың ысырма клапанының камерасынан 18 сағат бойы суды сору нәтижесінде, диаметрі 300 мм іргелес құбырдың жарылғаны анықталды. Бүгінде «Балқаш су» мекемесінің қызметкерлері жағдайды қалыпқа келтіруде. Дегенмен 80 мың халқы бар қала үшін бұл жағдай үлкен қиындық туғызып отыр. Қазір қаладағы маңызды әлеуметтік нысандар, ауруханалар мен мектептерге су көлікпен тасымалдануда. Тіршілік нәрісіз қалған қаладағы ахуалды арнайы келіп көрген Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құзырлы орган басшыларына апатқа байланысты қызметтік тексеріс жүргізуді тапсырды. Өңір басшысы болған оқиғаның себептерін анықтап, мұндай жағдай қайталанбауы үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды талап етті. Онымен қоса, аймақ басшысы жұмыс сапарымен Приозерск қаласында болып қайтты. Ол қаланың даму тынысымен және келешек жоспарларымен танысты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаштағы ахуал — бақылауда

Балқашқа жұмыс сапары барысында Ермағанбет Бөлекпаев апат болған жерге барып қайтты. Содан кейін қалалық мәслихат депутаттарымен кездесуде жағдайды талқылады.

— «Балқаш су» басшылығы өзінің қабілетсіздігін көрсетті деп санаймын. Белгілі болғандай, қақта клапаны осы уақытқа дейін судың астында болған. Неге тексерілмеген? Мекеме басшысының атқаратын лауазымына сәйкестігін қарастыруды тапсырамын. Қызметтік тексеріс жүргізіңіздер. Жобаны көтерініздер, егер қателер болса, бәрін түзету керек. Барлығын екі қайтара тексеріп нақтылаңыздар. Ертсерек әрекет етіңіздер, — деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев коммуналдық қызметтер жүйесіндегі жабдыктарының ескіруіне қатысты проблемаға және құрылғылар тапшылығына назар аударды. Балқаш қаласының әкімі Қайрат Қамзин қазіргі таңда апат орнына 5 арнайы техника және 12 адамнан тұратын бригада жұмылдырылғандығын мәлімдеді. Оның ішінде бір экскаватор, автокран, екі сорғы және тағы техникалар бар. — Жоспар бойынша жұмысты аяқтасқа, желілерді суға толтыратын боламыз. Балқаштықтардың шыдамдылық танытуларын өтінеміз және өз тарапымыздан техникалық ақаулар үшін кешірім сұраймыз. Судан ажыратылған қалаға, маңызды әлеуметтік нысандарға — ауруханалар мен мектептерге су көлікпен тасымалдануда. Мектеп пен балабақшалар су берілгенше жұмысын мүлде тоқтатпауға мәжбүр болды, — деді ол.

Сондай-ақ, кездесуде қала мен Балқаш курорттық аймағының болашағы талқыланды. Маңызды міндеттердің бірі — туристер ағынын арттыру. Ол үшін инфрақұрылымды жақсарту қажеттігі айтылды. Балқаштың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспары басты назарға алынды. Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа екі жылға есептелген жоба ұсынылып, таныстырылды.

Еске сала кетейік, биылғы жылы қалада көл жағалауын абаттандыру басталады. Жағалау аумағында жаңа аллеялар, балалар ойын және спорт алаңдары, велосипед жолы, тротуарлар салуды қарастырған. Негізгі аллеяның ені 6-7 метр, тротуарлардың ені 2-4 метр болады. Жаңа алаңдарда сұр және қызғылт сары түсті бетон плиткалары пайдаланылады. Абаттандыру жұмыстары сәуір айында басталады. Жағалау екі кезеңде салынады. Әрқайсысына шамамен екі миллиард теңгеден қаржы бөлінген.

— Қаражат бөлінді, оны уақытында бастау керек. Жұмыстың сапасын қадағалап, назарда ұстаңыздар. Кабинеттеріңізде отырудың қажеті жоқ, сыртқа шығып, мұқият



бақылаңыздар! — деп Ермағанбет Бөлекпаев қала басшылығына талап қойды.

Облыс әкімі Балқашта салынып жатқан үйлердің сапасын да тексерді. Биыл қалада кезекте тұрғандар үшін екі көпқабатты үй тапсырылуы тиіс. Сонымен қатар, өңір басшысы күрделі жөндеуді қажет ететін бұрынғы колледж ғимаратын аралап көрді.

Шағын шаһарда оң өзгеріс бар

Жоғарыда айта кеткеніміздей, облыс әкімі Ермағанбет Қабулаұлы жұмыс сапарымен Приозерск



қаласында да болып қайтты. Шағын шаһарда құрылысы басталған 210 орындық денешынықтыру-сауықтыру кешенін аралап көрді. Айта кетейік, бұл нысанның қажеттілігі жайлы тұрғындар Қарағанды облысының әкімімен кездесулерде бірнеше рет мәселе қылып көтерген болатын. Қазіргі уақытта аталмыш



жоспарларын талқылады. Алқалы жиынға онлайн режимде басқармалардың барлық басшылары қатысты. Кездесу барысында облыс әкімі қаланың балабақшаларында орын тапшылығы мәселесі бақылауда екенін атап өтті.

— Біз «Балбөбек» балабақшасына қосымша құрылысты кеңейту

туралы шешім қабылдадық. Аталмыш нысанда орындар саны 120-ға ұлғайтылады. Осы бағытта тапсырмалар бердім. Биыл біз осы балабақшаға қосымша жоба әзірлейміз. Жоспар бойынша кеңейту, абаттандыру және күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтаймыз, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Приозерск тұрғындары әлі күнге дейін жол, абаттандыру және ТКШ мәселелері алаңдатып отыр-

ғандығын жеткізді. Содай-ақ, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы проблемаларға тоқталып өтті. Тұрғындар сұрағына жауап берген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық мәселелер басымдықтарды ескере отырып шешілетінін айтты.

— Бүгінгі таңда ең бастысы — №1 қалалық қазандықты жаңғырту. Қазірдің өзінде жұмыс жүргізілуде. Екі жаңа қуатты жылу алмастырғыш орнатылып, жаңа қазандық сатып алынды. Жылыту маусымы аяқталғаннан кейін қазандықта жұмыс жалғасады, — деді ол.

Кездесуде тұрғындар жаңа мектеп қашан салынатынын сұрады. Облыс басшысының айтуынша, келесі жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалада 300 орындық заманауи оқу орнының құрылысы басталады.

Сонымен қатар, Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев жол жөндеуге қатысты жоспарлары туралы баяндады. Биыл Момышұлы, Абай, Ғарышкерлер, Бөйтерек, Алаш, Қосшы, Достық көшесінің негізгі бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін мәлімдеді. Сондай-ақ, 500 орындық мәдениет үйі мен 30 пәтерлі тұрғын үйдің жөндеу жұмыстарына жалпы сомасы 497,8 млн.теңге қаржы бөлінгендігін атап өтті.

Жұмыс сапары барысында аймақ басшысы биыл абаттандыру жұмыстары жалғасатын жағалауды да қарап шықты.

— Ешқандай шектеу қоймаңыздар, тұрғындарға мұнда демалу ыңғайлы болуы керек. Ойын алаңдары бар жерлерге күн сәулесінен қорғайтын шатырлар жасаңыздар. Қаланың тазалығы көңіл қуантады. Осылай ұқыпты, жақсы жағдайда ұстаныңдар, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бұдан бөлек, облыс әкімі Сарышаған кентінде болып, екі мектепті аралап көрді.

Айта кетейік, оның біреуі шұғыл арада жөндеуді қажет етеді. Өйткені, тозығы жетіп тұр. Сонымен қоса, кентті дамыту бойынша, аймақ басшысы ауданның даму бағдарламасының жүзеге асырылуын жіті назарға алуды тапсырды.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**
БАЛҚАШ- ПРИОЗЕРСК

• КЕЗДЕСУ

«Ақордада алтын Елтаңба тұруы керек»

Әлемдік рейтинг бойынша ең әдемі Елтаңбалар арасында тоғызыншы орынды иеленген Мемлекеттік Елтаңбамыз болашақта алтыннан жасалуы мүмкін. Қарағанды облысына арнайы келген Елтаңба авторы, сәулетші Жандарбек Мәлібеков осындай бастамамен келгенін айтып, жақсы жаналығын жеткізді. Тіпті, құзырлы органнан игі бастамасын жүзеге асыру үшін арнайы хаты да бар. Хатты Қарағандыға ала келу себебі де бар. Өйткені, Қазақстан бойынша Мемлекеттік рәміздерді дайындайтын жиырмадан астам фирма болса, оның ішінде шоктығы биігі — қарағандылық «Ақ бастау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Алтын Елтаңбаны дәл осы серіктестік әзірлеп, тұсаукесері Қарағандыда жасалуы мүмкін.

Қадірлі қонақты облыстық әкімдікте аймақ басшысының орынбасары Ербол Әліқұлов пен облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов қарсы алып, пікір алмасты.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



— Мен үшін Қазақстанның әр жері — қасиетті де қадірлі. Ал, оның ішінде Қарағандының орны — ерекше. Одан бөлек, Қарағандының жетістіктері, жастардың, әкімдіктің атқарып жатқан жұмыстары қуантады. Шынымен, еліміз өсіп-өркендеудің жетіп қалыпшы. Қанша қиыншылық болғанымен, біздің қазіргі мәртебеміз, дәрежеміз биіктеп қалғанын атқарылып жатқан шаруалардан көруге болады, — деген Жандарбек Мәлібекұлы Ербол Шымкентбайұлына «Қазақстан Елтаңбасы» атты кітабы мен Елтаңба бейнесіндегі төсбелгіні сыйға тартты. Кітаптың құндылығы — Елтаңбадағы элементтердің егжей-тегжейлі түсіндіріліп жазылғандығында.

«Өзім отыз жылдан бері Елтаңбаға жұмыс істеп келемін деген ойдамын» дейді Жандарбек Мәлібекұлы. Себебі, оны жаңарту, жаңғырту, стандартын жасау деген сияқты шаруаларды өзі атқарып келеді. «Біз Президентке алтын Елтаңба беруіміз керек, Ақордада алтын Елтаңба, әр мекемеде алтын жалатылған Елтаңба тұруы керек» деген ол Ербол Шымкентбайұлына бастамасы жүзеге асар болса, алтын Елтаңбаның тұсаукесері дәл осы Қарағандыда өтетінін де айтты.

«Менің халқым Елтаңбасын алтыннан жасайды» деген ой мен үшін үлкен мәртебе болар еді» дейді Жандарбек Мәлібекұлы.

Елтаңба авторымен бірге келген Геральдикалық зерттеулер орталығының Мемлекеттік рәміздерді насихаттау бөлімінің басшысы Жарқынбек Жұмаділұлы рәміздерді насихаттауда ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

— Біз рәміздерді насихаттаудың барлық қолжетімді тәсілін пайдалануға тырысамыз. Тағы бір мақсатымыз — мемлекеттік наградаларға қатысты жағдайды да реттеу. Мәселен, мемлекеттік геральдикаларға қатысты арнайы комиссия бар. Ол жылына бір рет өткізіледі. Ал, қазір, бекітілмеген ведомстволық наградалар қаптап кетті. Оның екі жүз-

ден астам түрі бар екен. Егер мұны тоқтатпасақ, басымыздан баламызға дейін медаль тағатын жағдайға жетеміз. Әр облыс, әр министрлік өзінің медалін шығарып тарата берсе, оның қадірі де болмай қалады. Одан бөлек, жекеменшік компаниялар да өздері қор құрып алып, «Қазақстанның Құрметті азаматы», «Қазақстанның еңбек сіңірген азаматы» тәрізді ордендерді тапсыруда. Оны алу да қиын емес, 50 мың теңге төлесе болды. Осындай жағдайларды тоқтату үшін жұмыс жүргізіп жатырмыз, — дейді Жарқынбек Жұмаділұлы.

Одан бөлек, бірқатар облыстар өз Елтаңбаларын бекітіп, мемлекеттік мәртебе беруге қатысты айтылған ой-пікірлерге де тоқталды. Жарқынбек Жұмаділұлының айтуынша, бұл дұрыс емес. «Егер әр облыс өз белгісін қабылдап болса, оны нышан ретінде ғана қабылдау керек» дейді ол.

Геральдикалық зерттеулер орталығы атқарып отырған жұмыстың дені мемлекеттік идеологияға тікелей қатысты. Сондықтан, олардың міндетіне Мемлекеттік рәміздердің кабинетте қалай тұрғанын тексеру де кіреді. Өкінішке қарай, оның өзін дұрыс орналастырмайтын мекемелердің бар екенін айтып, қынжылды. Осыған орай, түрлі әдістемелік құралдар әзірленуде. Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесіндегі заңды оқымаса да, сурет түрінде берсек деген ниеттеміз» деген ойын да білдірді.

Қарағандыға келу мақсаттары да жастарға рәміздердің шығу тарихын түсіндіру. «Рәмізді түсіну арқылы жастардың бойында ұлтшылдық пайда болады. Ұлтшылдықтан емес, ұлтсыздықтан қорқу керек» дейді ол.

Жандарбек Мәлібекұлының жоспарында бұдан бөлек қарағандылық жастармен кездесіп, Елтаңбаның қадір-қасиетін түсіндіру де бар.

Суретті түсірген **Александр МАРЧЕНКО**

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Жеңілдік карталары қалай рәсімделеді?

1 мамырдан бастап 18 жасқа дейінгі балалар мен колледж студенттері Қарағандының қалалық қоғамдық көліктерінде тегін жол жүретіні осыған дейін белгілі болған-тын. Қала әкімі Мейрам Қожухов жұмыс кеңесі барысында осы істі ұйымдастыру бойынша барлық қажетті іс-шараларды жеделдетуді тапсырды. Ал, балаларға тегін жол жүру үшін не істеу қажет?

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда осы жас тобындағы 47 мыңға жуық баланың ONAY! көлік карталары бар. Балалар картаны 15 жасқа дейін қолдана алады. Егер бала 15-тен асқан болса, картаны ONAY! қызмет көрсету орталығында іске қосу керек. Өзірге картасы жоқ оқушылар оны ONAY! қызмет көрсету

орталығында немесе жеңілдік карталарын беру нүктелерінде рәсімдеуі керек.

Мейрам Қожухов мүмкіндігінше қалалық білім бөлімі және басқа да қызметкерлер арқылы осы істі жеделдету қажет екенін айтты.

Қала басшысы екі маңызды мәселені ескертті:

Біріншіден, оқушылар қоғамдық көлікке мінгенде өзімен бірге карта болуы керек



және оны валидатор арқылы төлеу қажет. Мұны ата-аналар балаларына жеткізуі тиіс. Екіншіден, тегін жол жүру тек қалалық маршруттарда ғана жарамды. Қала маңына және облысқа қатынайтын №№ 41, 71, 72, 73, 100, 107, 117, 118К, 121, 122, 127, 146, 165, 495 және 500 автобустарда жол жүру ақысын төлеу қажет, деді қала әкімі Мейрам Қожухов.

Бұл бағыттарда ONAY! «Балалар» картасымен жолақысы — 40 теңге.

Сондай-ақ, қала әкімдігінің баспасөз қызметі балалардың ONAY! картасы жоғалған жағдайда Коммунальная көшесі, 3 мекенжайы бойынша қайта шығаруға болатынын хабарлады.

Қызмет көрсету орталығының жұмыс уақыты дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін. Қажетті құжаттар: туу туралы куәлік немесе жеке куәлік (16 жасқа толғандарға), ауыстыру қажет болса, фотосурет.

«Егер карта болмаса оны Коммунальная көшесі, 3 мекенжайы бойынша ONAY! қызмет көрсету орталығында, сондай-ақ жеңілдікті карталарды беру нүктелерінде рәсімдеуге болады:

Open Karaganda — Назарбаев көшесі, 39; «Ұмай» СҰ — Карл Маркс көшесі, 9; «Молдежний» МҰ — Металлист көшесі, 24/2.

Рәсімдеу үшін 3x4 түрлі-түсті фотосурет және туу туралы куәлік немесе жеке куәлік (16 жасқа толғандарға) қажет. 14 жасқа толған балалар карталарды рәсімдеу нүктелеріне өз бетінше жүгіне алады», делінген хабарламада.

Көпбейінді ауруханада жетістік көп

Аймақта профессор Х.Макажанов атындағы көпбейінді аурухананы білмейтін жан кемде-кем. Былтыр клиника мамандары 242 мың адамға медициналық көмек көрсетіпті. Бұл Қарағанды қаласының әрбір екінші тұрғыны деген сөз. Ауруханаға жатып, ем алып шыққандары 25 мыңға жуықта-са, алты мыңы күндізгі стационарда болған. Мұнда күнделікті жүздеген науқасқа кеңес беріліп, ондағанына ота жасалады. Жүйелі жұмысқа келуші де, дәрігер де үйренген. Әлбетте оның барлығы бірден қалыптаспағаны рас. Дегенмен, мемлекеттің тұрақты қолдауы, дұрыс басқаруы әрі стратеги-ялық айқын бағыты нәтижеге жеткізетініне бүгінде көз жетті деуге болады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іздемей-ақ табылар
– 2018 жылы біз травматология орталығы мен облыстық медицина-лық орталықты біріктірдік. Содан кейін пациенттерге барынша қо-лайлы жағдай жасау үшін жақ-бет хирургиясы бөлімі қосылды. Бұған дейін, мысалы, бас жарақатын алған адам кем дегенде үш жерге баруы керек еді. Алдымен миға келген зақым травматологиялық пунктте, кейін жақ-бет ауруханасына, сосын лор дәрігерге басқа жерге баратын еді. Оған қоса, офтальмологтың көмегі керек бола қалса, оны іздеп қаланың басқа шетіне баратын-ды. Өзі науқас адамға мұның бөріне бару әжептәуір жұмыс. Бүгінде науқасқа қажетті маман, диагностика, зерттеу мен емдеу, жалпы, барлық шұғыл көмек бір жерде көрсетіледі. Яғни, бір науқаспен мультидисциплинар-лық топ жұмыс істейді. Бастапқы идея осы болатын. Бүгінде уақыт-тың өзі сол шешімнің дұрыстығын көрсетіп берді, – дейді аурухана ди-ректоры Еркін-Дәуір Құрманғалиев. Мұнда пациентті емдеуде диа-гностика, неврологиялық, хирур-гиялық, травматологиялық және терапевтік емдеу кезеңінен бастап оңалтуға дейінгі толық сабақтастық бар. Қажетті деген тексерулердің барлығы заманауи аппараттарда орындалады. Биыл тағы да медици-налық жабдықтар алу жоспары тұр. Аурухананың биылғы жоспары зор. Материалдық-техникалық жаб-дықталу, маман даярлау, қызметкер-лерді қолдау барлығы қамтылған. – Биыл облыстық бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлініп отыр. Ол анги-ограф пен жана КТ аппаратын са-тып алуға ғана кетеді. Қазір үш КТ аппараты бар, бірақ, оның өзі бізге жеткіліксіз, – дейді Еркін-Дәуір Төлеуұлы. Тәулік бойы кісі арылмайтын клиникада халық көп қолданатын КТ аппаратынан үнемдеу пациент үшін дұрыс шешім емес деген пікір айтты директор. – Қазіргі қолданыстағы аппарат-тарға жүктеме үлкен. Күніне 120-



дан астам зерттеу жасалады. Сал-мақ түскен сайын тезірек тозатыны белгілі. Сондықтан, жүктемені бөлу керек. Реанимация кабинеттерін жабдықтауға да қаражат бөлінеді. Одан бөлек, біз табысы бар мекеме ретінде өз қажеттіліктерімізді өзіміз ала аламыз. Өрине, ондай қомақты қаражат емес, десе де, жылына 300-400 млн. теңге жабдықтауға жұм-салады. Жалпы, біздегі техникалық паркті 10-15 пайызға жанартуға ты-рысамыз, – дейді ол. Соның арқасында диагностика-дағы заманауи әдістер, шағын инва-зивті хирургиялық көмектің барлық түрі жасалады. Кез келген адамның өзіне қажетті көмекті уақытылы, са-палы алуы басшылықтың ғана емес, аурухананың абыройы. Сондықтан, мұнда технология қашанда адами капиталдан кейін тұрады.

Әуелі – адам
Мына заманда ештеңе бір орын-да ұзақ тұрмайды. Үнемі жаңарады, жаңғырады. Әлемдік медицинада да

даму зор, роботтар, жасанды интел-лект. Алайда, Еркін-Дәуір Төлеу-ұлының пікірінше, ол да адамсыз жұмыс істемейді. – Жасанды интеллект оны адам қолдану үшін жасалады. Адам қашанда бірінші орында, техника екінші кезекте. Техника адамсыз жұмыс істемейді. Кейде матери-алдық жабдықтың соңынан қуып, адамдарға назар аударуды ұмытып кетеміз. Дегенмен, білікті маман бірінші кезекте, – дейді ол. Ауруханадағы 236 дәрігер, 470 орта және 248 кіші медициналық персо-нал, одан бөлек, 200-ге жуық адам-ның күнделікті еңбегінсіз аурухана сияқты алып құрылымның алқын-бай жұмыс істеуі мүмкін емес. – Біреулер зейнетке кетеді, бі-реулері бала тууына байланысты жұмыстан қол үзеді. Ал, біздің жұ-мыс тоқтамауы керек. Қазір маман тапшы дейтін емес. Осыдан 5-7 жыл бұрын расымен мұқтаж едік. Қазір өз қаражатымызға резидентурада 30 шақты маман оқытып жатырмыз.



Оларға да ынталандыру жасалады. Айырмашылық көбінесе адамға байланысты.

Сапа үшін білім керек
Табыстың еңбегіңе қарай, оның сапасына қарай болатыны нарық заңы. Жұмыс сапалы болуы үшін әуелі білім мен тәжірибе қажет. – Оқусыз, тәжірибесіз сапалы білім мен сапалы медицина мүмкін емес. Сондықтан, біз мамандары-мыздың білімін арттырып, тәжірибе жинақтауына аса мән береміз. Бұл жағынан биылға үлкен жоспарлар бар. Оған да жергілікті бюджет қол-дау көрсетіп отыр. Сырттан маман-дар шақыртамыз, біздікілер де бара-рады. Біреулер «Бұлар неге шетелге бара береді? Неге сонша ақша құр-тады?» деп ойлауы мүмкін. Бірақ, білімсіз ештеңе болмайды. Мысалы, сол америкалықтар Еуропаға барып оқиды, еуропалықтар Африкаға барып білімін жетілдіруі мүмкін. Біздің мамандар Израиль, Үндістан, Түркия, АҚШ, Еуропаның бірқатар елдеріне барды. Карантин кезінде де аз-аздан болса да, барып жүрді, – дейді басшы.

Алдағы уақытта медициналық университет жаңынан клиника ашылады деген жоспар бар. Оны өңірге Мемлекет басшысы келгенде де, кейіннен облыс әкімі Президент-тің қабылдауында болған кезінде де айтылды.

– Бұл өте маңызды. Университет клиникасы базасында студенттер білім алады, тәжірибе жинайды. Қазір олар әр жерде жүр, – деді ди-ректор.

Бас дәрігердің айтуынша, тә-жірибе бар жерде нәтиже де болады. – Жүйелі жұмыс кезінде қателік аз кетеді, бұл – бір. Екіншіден, па-циенттері көп жерде көмек көрсету сапасы да жоғары. Барлығы мұны керісінше санайды. Адам алғаш кел-генде хирургты бағалай алмайды. Ол әуелі қызмет көрсету деңгейін бағалайды. Келушілер көп жерде сервис төмен болуы мүмкін. Бірақ, адам күнделікті операция жасап, белгілі бір ем-шараларды орын-дайтын болса, оның тәжірибесі де, машығы да, білігі де артады емес пе? Дәрігерлер қолы жүруі үшін ап-тасына кемі он операция жасауы ке-рек. Нейрохирург көбірек операция жасаған сайын үйрене түседі, да-миды, тәжірибе жинайды. Бізді сол үшін де таңдайды. Қарағанды ғана емес, республиканың басқа да қала-ларынан келеді. Біз өзіміздің үздік екенімізді білеміз, – деді ол.

Денсаулық Айтулы күнгі шаралар

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Биыл атау-лы күн Дүниежүзілік денсау-лық сақтау ұйымының 75 жылдығымен қатар келді. Сондықтан әлем бұл күнді «Баршаға денсаулық!» ұра-нымен өткізді.



Аймақтағы барлық медицина-лық мекемелер де түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. Қаладағы №5 ем-ханада Ашық есік күні өтті. Тера-певт, эндокринолог, невропатолог, психолог, салауатты өмір салты ма-мандары, әлеуметтік қызметкерлер қабылдау жүргізіп, кеңес берді. Кей жағдайларда мамандар УДЗ, аяқ-қол тамырларының доплері, спи-рография және басқа да қосымша зерттеулер тағайындады. Бұл күні барлық келушілер қан құрамындағы холестерин, қант деңгейін, қан қы-сымын өлшепті, өз денсаулығының жайын, оны жақсартуға қатысты кеңес алды.

Жалпы, халық денсаулығын нығайтуға және жақсартуға бағыт-талған ақпараттық-түсіндіру жұ-мыстарына басымдық берілді. Со-нымен қатар, емхананың өзінде және оған қарасты барлық мектеп-терде таңғы жаттығулар, сынып сағаттары мен спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Өз тілшімізден

Елдос БАЙМАҒАМБЕТОВ:

Халық сенімі зор жауапкершілік жүктейді

Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Заңына сәйкес 2022 жыл-дың 21 тамызында Абай ауданы Мичурин ауылдық округінің әкімі болып осы аймақ сайлаушыларының тікелей дауыс беруі нәтижесінде үш үміткердің ара-сынан 93% дауыс жинаған Елдос Баймағамбетов сайланған болатын. Соған байланысты біз бұл қызметті бұған дейін төрт жыл атқарып, орынтағына қай-та отырған ауыл әкімімен сұхбаттасқанбыз.

– Елдос Өміржанұлы, әңгімеміздің әлкисасын округ тұрғындарының қазір-гі әл-ауқатынан бастасақ...
– Біздің округ аумағына Агрогородок, Садовое, Ягодное елді мекендері енген, онда тұратын 1351 адамның 748-і халықтың экономикалық белсенді тобына жатады. Мұндағы табыс көзі – ауыл шаруашылығы. Халықтың әлеуметтік асыл топтарын қолдау мен қамтамасыз ету – жергілікті атқарушы орган қызметінің басты міндеттерінің бірі. Осы орайда отын және атаулы әлеуметтік көмек екі отбасына тағайындалып, көмір са-тып алу үшін 32 отбасы көмек алды. Барлық мерекелер алдында округтегі демеушілердің есебінен жалғызбасты зейнеткерлерге, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға азық-түлік жиынтықтары табыс етіледі. Осы демеушілердің көмегімен «Мектепке жол» акциясы кезінде Мичурин негізгі орта мектебінің 10 оқушысына қажетті кеңсе тау-арлары мен сөмке берілді. «Салют» лагерін-де екі оқушы тынығып қайтты.
– Округте қанша ауылшаруашылық құрылымы бар, олар немен айналыса-ды? Олардың ауылдық округ дамуына қосар үлесі қандай?
– Ауылдық округ аумағында сегіз шаруа қожалығы, үш ЖШС және Абай көпсалалы колледжінің қосалқы шаруашылығы бар. Біздегі 9 159 гектар жарамды жердің 1956

гектарын егістік, 559 гектарын шабындық, 6 644 гектарын жайылым құрайды. Былтыр сол алқаптардан 784 тонна астық, 9 000 тонна картоп, 350 тонна көкөніс жиналды. Округтің ауылшаруашылық құрылымдары осы өнімдерін «Ауыл-береке» жәрмеңке-лерінде жұртқа ұсынып, ауылдастарын да ұмыт қалдырмайды. Мәселен, «Надежда» шаруа қожалығының басшысы Сергей Замо-зеев өз шаруашылығындағы 73 үлескердің бәрін картоп, көкөніспен, мал азығымен, қысқы отынмен қамтамасыз етіп отыра-ды. Ауыл тұрғындарының өз қосалқы шару-ашылығын жүргізуі үшін 22 адамның жер телімін алуына көмек көрсетілді. Тұқым асылдандыру және түрлендіру бағдарла-масына екі шаруа қожалығы қатысып, 69 сыныға үш асыл тұқымды бұқа қосылды. Біздің округтің ауыл шаруашылығын дамы-туға мына көлемде инвестиция тартылған: «Надежда» шаруа қожалығына 895 мың теңге екі бірлік техника сатып алуға; «Ма-медов А.Э.» шаруа қожалығына жеті мил-лион теңге картоп қоймасын салуға; «Ал-пысов» ЖК 20 миллион теңге тауарлы сүт фермасын пайдалануға беруге. Барлығы негізгі капиталға 27 895 теңге инвестиция-ланып, игерілуде.

Биыл Агрогородок ауылында жылыжай кешенінің құрылысы басталып, оның 500 шаршы метрді құрайтын алғашқысы салы-



нып бітті. Енді сондай 117 данасын іске қосу жоспарда. Әлбетте, оның игілігін жергілік-ті тұрғындар ғана емес, аудан мен облыс халқы да көрмек.
Өзім де халықпен күнделікті араласып, кездесіп, мұн-мұқтажын, өтініштерін тың-дап, шамам келгенше оң шешуге тырысып жүрмін. Өйткені, олардың сайлауда маған дауыс беріп, сенім артқаны мол жауапкер-шілік жүктейді.
– Округте жұмыссыздық деңгейі қандай? «Жол картасы» және басқа да бағдарламалар бойынша несие алып, өз кәсібін ашқандар бар ма?
– «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдар-ламасы индикаторларына қол жеткізу үшін бірнеше бағытта іс-қимыл жасаудамыз.



– Ауылды абаттандыру бойынша қан-дай шаруалар атқарылды?

– Өткен мерзімде ауылдық округ аумағындағы елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту үшін санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру жұ-мыстары көктемгі екі айлықта және күзгі бір айлықта, әр аптада «Тазалық бейсенбісі» күндері өтеді. Жылдан жылға ауылдағы қордаланған мәселенің бірі қатты тұрмы-стық қалдықтарды шығару еді.Осы мәсе-лені шешу үшін округ орталығы Агрого-родок ауылындағы Садовая көшесі мен Оқу қалашығы маңына 2 контейнер орна-тылып, күн жылынысымен қоқыс қалдықтар-ын шығара бастап, оларды «ECO town» ЖШС көліктері сыртқа тасымалдауда. Өткен жылы көшелерге 20 жарық тірегі ор-натылып, ескілері жаңасына ауыстырылды. Демеушілердің көмегімен 50 терек көшеті отырғызылып, «Вольный-Долинка» тас жолы бойындағы шөп, бұталар қырқылды. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұ-мысқа тұрған екі студент те тазалық ісімен шұғылданады. Округтегі 3 ауылда да бала-лардың ойын алаңдары орнатылып, жаб-дықталды. Ал, Садовое ауылында аялдама павильоны тұрғызылды.

– Жаңа Қазақстанды құру жолында ауыл әкімдеріне біраз міндеттер жүктел-ді...

– Иә. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев осы жолы сегізінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламент Мәжі-лісінің бірінші сессиясында сөйлеген сөзін-де ауыл әкімдерін халықтың тікелей сайла-уы өзін ақтағанын тағы да атап өтті. Мұның артында мені осы қызметке лайық көріп, да-уыс берген жерлестерімнің маған деген мол үміті мен сенімі жатыр. Соны ақтау үшін бұрынғыдан да артық күш жұмсап, еселей еңбек етуге тиіспін.
– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай ауданы

СУРЕТТЕ: Мичурин ауылдық округінің әкімі Елдос Баймағамбетов

- КОНФЕРЕНЦИЯ

ҰЛТТЫҚ НЫШАН ҰЛЫЛЫҒЫ

Қазақстанның Елтаңбасында қазақ халқының рухани бай тарихынан хабар беретін 41 элемент бар екенін білесіз бе? 194 мемлекеттің ішінде мән-мағынасының төретігін мен архитектуралық құрылымы жағынан тоғызыншы орынды иеленетін Елтаңбаға лайықты құрмет көрсетіліп жүр ме? Мемлекеттің төл нышаны болып, төрден орын алатын мемлекеттік рәміздер мен қазақы төр ұғымның астарында не жатыр? Бұл туралы Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің студенттерімен арнайы кездесуе келген Елтаңба авторы Жан-дарбек Мәлібеков тағылымды әңгіме өрбітті.

Елтаңбадағы әр бөлшектің қазақ халқының тарихымен байланыстыра түсіндірген Жандарбек Мәлібеков архитекторлық талантын қазақы таныммен ұштастырған.

– Кейінгі жылдары мемлекеттік нышандар төңірегінде түрлі өрескел оқиғалар орын алды. Біреулері көк Туды жерге лақтырып, таптаса, енді біреулері қоқыс тасып,

сы ретінде бекітілген мемлекеттік рәміздерімізге деген өрсекел әрекетке барып жүрген де осы елдің тұрғындары. Бұл жағына тарға Мемлекет басшысының да ерекше назарына аударғаны белгілі. Осы орайда, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттыру мақсатында нақты шаралар қолға алынууда. Соның бастысы-ендігі уақытта мемлекеттік рәміздеріміз – Ту, Елтаңба, Әнұранды қорлағандарға 10 млн. теңге көлемінде айыппұл салынып, екі жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады, – дейді геральдикалық зерттеулер орталығының ди-

Отан, бір Тәуелсіздік деп тер төгіп енбек
етіп жүргенде қырық рудан құрақ нышан
құрап қажеті қанша? Біріміз заңды түрде
қабылданған, қалың халық құптаған мемле-
кеттік рәміздер деген салмақты атауы бар.
Көк Ту, еңселі Елтанба, айбынды Өнұраны-
мызға құрмет көрсетіп, төрден орын алуына
ықпал етсек болмай ма?

Тағылымды шарада жастарға ой саларлық дүниенің бірі – төр мәселесі болды. «Қазіргі үйлерде төр жоқ. Біз ой-тек архитектурасын қалыптастыруымыз керек. Қазық үйдің функциясын жасау арқылы таным-түсіктің байыту қашанда маңызды», – деді Жандарбек Мәлібеков.

Қазақ ұғымындағы қадірлі адамның отыратын жері – төр. Сол төрден мемлекеттік рәміздерімізде орын алып, қастерленсе деген ойын жеткізді.

Студенттердің таным көкжиегін кеңейткен шарада сұрақ қоюшылар да көп болды. Заң ғылымдарының кандидаты, қоғам белсендісі Болат Сыздықов:

– Біздің қаладағы Бұқар жырау даңғылында Тоғалесіздік обелісісіз бар. Сол обеліске қарасақ, төменгі бөлігі өткен шақ, ортаңғы бөлігі, бүгінгі шақ, жоғары жағындағы күннің шуағында ұшып бара жатқан қыран құс, ол болашағымыз. Ал, сіз жасаған Елтаңба – бүгінгіміз. Қанатты тұлпарлар мифология – өткен шағымыз. Солардың орны ауысып кеткен. Болашағымыз алтын қыран биікте тұр. Бірақ, сіз жасаған Елтаңба астында, ал қанатты тұлпарлар үстінде. Сонда біздің бүгінгіміз кешегінің тұлпарларының тұғынын астында тұр. Соны облыстық әкімдікке, ішкі саясат басқармасына айттық. Бірақ, авторлық құқық бар, оны жасауға көп ақша кетеді дейді. Жаңа өзіміз айтқандай өміріміздегі барлық келенсіздіктер, символдарға байланысты. Кейде бір әріпке, үтірге байланысты. Сол жерде бір үлкен қателік жасап отырмыз. Идеологиялық тұрғыдан, рухани тұрғыдан. Біз қоғам белсенділері осыны айтып жүрміз, бірақ даусымыз әлсіз, күш-қуатымыз жетпей жатыр. Сіздер де осыған назар аударып, қарасңыздар, – деген өтінішіз жеткізді.

Сонымен қатар, «Елтаңбаны жасауға қанша уақыт кетті, қандай кедергілер болды, қарсылықтар болды ма? Қай аймақтарда мемлекеттік рәміздерге ерекше назар аударады? Қарағанды қаласында мемлекеттік рәміздердің насихатталуы қалай екен?» деген орынды сұрақтар қойылып, тұщымды жауаптар қайтарылды.

Жандарбек Мәлібекұлы білім ордасының кітапханасына үш тілде жарық көрген «Қазақстан Елтаңбасы» кітабы мен елтаңба бейнеленген, өзінің қолы қойылған төсбелгіні тарту етті. Университет атынан Елтаңба авторына Медеу Сәрсекенің «Евней Букетов» кітабы сыйға берілді.

Заман өзгерді. Құндылықтар да ауысты. Сондықтан, жаңаша ойлайтын жастар да өсіп келеді. Мәселен, Әділбек Қанатұлы есімді компьютер бағдарламаларының маманы «Бата да заманға сай болуы керек» деп есептейді.

«Қазір «Молда бол» немесе «Батыр бол» десе, жастар күледі. «Молдасы несі», «батыры несі» деп. Өйткені, ол сөздің мәнін түсінбейді. Тура мағынасында ұғайды. Сондықтан, қазір «Ғалым бол», «Өнертапқыш бол», «Інженер бол», «Бизнесмен бол», деп бата берсең, қуана құттайды жастар. Нарық заманының өз талаптарын да ескерген жөн. Кезінде молдадан тәлім алғандар мықты болса, қазір кәсіпкерлік негізін, өнертапқыштықты және ғылымға, мол табыға тәуба жетелейтін курстардан өткен алғыр жастардың заманы», – деп ойын айтты ол.

Бірақ, кез келген маман несі болу үшін алдымен әдеп, көркем мінез, табандылық, батырлық аса қажет қой. Өйткені, «молда бол» дегенде діндар адамды, немесе «батыр бол» десе, соғысты елестету – қате. Бұлай ойласақ, таным деңгейіміздің таяздығы көрініп қалады. «Молда бол» дегенді – әдепті, адал, салт-дәстүрге берік, ешкімнің ақысын жемейтін, енбеккор деп түсінсек, адастаймыз. Демек, өніп-өсіп елге қажетті, пайдалы азамат болып, дүниенің кетігін тауып, кірпіш болып қалану үшін алдымен ниетті түзеп, білім-ғылымға ұмтылу керек.

Баласына 12 жасқа дейін туған тілінде ғана білім беріп, тарих, мына сайт-дәстүрін мықтап сіңіретін, жоғын тек ғылымнан іздейтін Жапонияны қараңыз. Кешегі Алаш арстаны да жапон үлгісіндегі дамыған ел құруды армандады емес пе? Демек, алдымен уызға жарып, өзміздің кім екенімізді танып, ғылым мен техникаға, өндіріске, адал еңбекке үйір болсақ, адаспайды екенбіз. Ал, егер, үлкендер «молда бол» деп бата берсе, шамданбаңыз. Молда болу шарт емес, азамат болу, елдің баласы болу – парыз!

– Елтаңба элементтерінің барлығы біздің терең тарихымыз, бай дәстүріміз. Мұнда ұлы даланың тұтастай көрінісі бейнеленіп, жан-дүниеміз, барлық бол-мыс-бітіміміз көрініс тапқан, деді Елтаңба авторы.

Облыстағы жоғары білімнің қарашаңырағында өткен «Мемлекеттік рәміздер Ұлттық идеологияның картасы» атты патриоттық-танымдық кездесуді университет проректоры Мейірам Сыздықов ашып, кездесуді мән-мазмұнына тоқталып, келген қонақтарды студенттерге таныстырды.

Тәу егер Тәуелсіздігіміздің нышаны, ел тарихында ойып тұрып орын алатын Елтаңба ханың еліміз үшін мәртебесі биік. Ежелгі баба тарихымыз, ата-дәстүріміз бүгінгімізге баға жетпес құндылығы ретінде бейнеленген төл таңбамызда 41 элемент көрініс тапқан. Әр бөлшек тарихтың қатпарлы беттерінен, ақтанлақ жылдарынан сый шертеді.

Елтаңбада бейнеленген шаңыраққа шаншылған уық, керілген кереге-ежелден келе жатқан төл баспанамаыз, мекен еткен құтты шаңырағамыз. Халқымыз үшін көшпенді мәдениеттің өз құндылықтары бар. Қазақтың қара шаңырағы киіз үйде төл мәдениетіміз, әдебиетіміз, ата тарихымыз қалыптасты. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Қазақтың түпкі тарихы осы қастерлі шаңырағы, оны биіктетіп тұрғанын ағашы уағы, іргесін бекемдеген берік керегесінде жатыр. Қазақтың қалыптасуында төрт түліктің алар орны ерекше. Мінсең – көлік, ішсең – сусын, кісең – киім дейтін халық, қашанда «мал-жан аман ба» деп саулық сұрқасқан. Яғни, осы бір қос ұғымды бөліп-жару мүмкін емес екендігін көрсетті. Елтаңбадан қанатты пырақ пен қошқар мүйіз оюынның орын алуы да осыдан. Мистикалық тұрғыда бейнеленген қанатты пырақтың негізі – текті жылқы. Жылқы малын ежелден қадірлеп, қасиет тұтқан халық оның тектілігіне бой ұсынған. Алағаш осы төрт түліктің қасиеттісін бас бідіріп.

қолға үйрекен де казак халқы. Ата-тектің тазалығы, рухы осы жылқының қасиетімен ұштасып жатады. Ал қошкар мүйіз оюының да тұнып тұрған құндылығы бар. Елтаңба авторы рәмізде көрініп тапқан осы бір бөлшек бірқатар азаматтың қарсылығын тудырғандығын да айтып өтті. Елтаңбаны жасап, қорғауға барғанда ел ағалары «қойдың мүйізін бейнелеп қажеті қанша? «казак-хари-барани» деп айтатындайрақ одан ермезақ болмаймыз ба?» деп қарсылық білдірді. Мұны өзге ұлт өкілдерінің осындай оспадар қылғыннан әрепзан болғаннан деп түсіндік. Сонда, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, қой сөзінен қорқып, қошкар мүйізден бас тартудың қажеті жоқ екендігін айта келе, «Қойдың да құнды мүшесі бар. Ол бас. Егер қой дегенге намыстансақ неге қазактың басын бағалап, құрметті қонағына тартып, табаққа бас салған. Қойдың басын елге сыйлы, құрметті қонағына ғана ұсынаған» деп қойдың басын ұстауымен қошкар мүйіз оюын үйлестіре отырып, полсапалық ой айтқан екен. Тағы бір элементтің бірі – желбау. Бұл да қыз үйдің бір құрылымы. Яғни, қатты жел болған тұста шаңырақты бекемдеп тұрады.

өртөді. Елтанбамыздың да қокыс жәшігінде жатқандығын көріп те, естіп те жүрміз. Ең сорақысы, айбынды Әнұранымыздың мәнін жатқа білмейтін отандастарымыз да бар. Осындай елді бір шаңырақтың астына ұйыстырып, тәуелсіздігіміздің төлтанба-

ректоры Асылбек Байжұмаұлы.

Мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңысына жігі тоқталған Асылбек Байжұмаұлы, әр облыс, әр аудан, әр елді мекеннің жеке таңбасы, туы, әнұраны болғанын құптамайтынын айтты. Бір Мемлекет, бір



● МƏСԵԼԵ

Уызына жарыған ұрпақ – ұлағатты

Бала кезімізде үлкендердің қолына су құйсақ, «Молда бол, балам!» деп бата беретін. Себебі, молдалар кезінде бір дәуірдің ең беделді тұлғасы болды. Қазақ ғұламаларының көбі сол ауыл молдасынан хат танып, сауат ашқан. Кешегі бабалардың, Алаш арыстарының мықты болғаны жасынан діни сауат алып, өмірдің мәнін ерте ұғыуына ба? Ал, біз ше? Жанына керектің бәрі интернетте самсап тұр. Кітапты тұтас көшіріп ал да оқи бер. Ғымегенінің бәрін үйренуге мүмкіндік бар. Бірақ, сол алаштықтардың істегінінің бір бөлігін де атқара алмадық. Бұған кім кінәлі? Не кедергі? Зерделеп көрейік...

өсіп, саликалы ұрпақ тәрбиелеп отырғанын көріп жүрмін. «Қырықтың бірі – Қыдыр, мыңның бірі – Уәли» демекші, көп бата алу керек. Үлкенді сыйлап, елге көмектесуді, жақсылық килуды өз әрекетімізбен насихаттап, баланың

Ал, Әлихан Бөкейхан ауданындағы қандас ақсақал Азамат Дариябаев адам өмірінде қазіргі ұрпақтың ұсақталуының бата алудан да басқа себептері бар дейді.

«Молда бол» деп бата берүи ол кездин молдаттары өте билимди эри жан-жакты еди. Олар тұтас ұлттың ғылымына жолбасшы болды. Осындайда Мукағалы Мақатаевтың «Дін – ғылымның атасы» дегені еске түседі. Қазір де мықты имамдар бар. Дінді қиындатпай, дәстүрмен, әдеппен аастастырып үйретсе, дұрыс қой. Тағы бір ескерер жайт, мектепте сабақпен қатар, тәлім-тәрбие мен ұлттық мәдениетке жеткіліктей деңгейде көңіл бөлінгенде ғана рухы мықты, тәрбиелі азаматтар өсіп шығады. Тәлім бөлек, тәрбие бөлек. Кей ұстаздар өз ісіне мығым болса да, тәрбие беруге келгенде ақсап жатады. Әл-Фарабидың тәрбиесіз берген білім адамзаттың хас жауы дегенін ұмытпайық» деді ол.

Шындығында, «бұрынғының молдасы мықты еді» деп, жас буынның бұрынғы бабалардай мықты болмауына біржақты қарау қисынсыз. Біріншіден, қазір небір ілімі терең имамдар, ұстаздар бар. Екіншіден, кешегі жүрегі түкті түркі бабалардың даңқы ислам діні келмей тұрып-ақ, дөуірлер тұрды емес пе? – Жастардың көзі ашық қазір.

Үлкендер жағынан қолдау, тілеу-лес болу аз. «Айналайын, өркенің өссін» деген жылы сөзді сирек естіміз. Жастарда діни сауат та бар. Адал еңбек пен мықты маман болуға да талпыныс зор. Оған мүмкіндік те көп. Бірақ, соның ішінен дұрысын, қажеттісін таңдауға жол көрсететін ақсақалдарға зәруміз. Баланың білімі мен тәрбиесін ұстазға жүктеп қою дұрыс емес. Ұстаз бен ата-ана бірігіп, баланың болашағына жанашырлығын танытса, бала да талпынады, – деп алаңдаушылық білдірді ақын, №8 орта мектептің ұстазы Қайрат Иманбек.

 Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әр дәуірдің өз талабы бар. Шынында, молдадан тәлім алған бабалардың осалы жоқ. Қазір, молда десе, ел шошиды. Мұның да өз себептері бар. Ел арасында «молда бол» деген сөз қазір өзекті емес деп те жатады. Молда сөзінің өз қолданыстан шығап барады. Мақсатымыз елді молдалыққа шақыру емес, кітап аз оқылатын қоғамда бабалардың танымына үңіліп, мәнін екшеу. Жалпы, нарықтық қоғамда рухани бай болуға ұмтылу, үлкеннің батасын алу, әдеп-ахлақ мәселесі де ақсап тұр. Мұны күнделікті өмірде көріп жүрміз. «Батамен ел көгерер» дегенді де ұмытты-ау, шамасы.

– Бұл – өте өзекті мәселе. Бәрімізді мазалайды. Мың өліп, мың тірілген қазақпыз. Репрессияның кезінде бүкіл асылдарымыз бен даналарымызды, ғұлама-ғалымдарымызды қырып тастады. «Құдай жоқ, дін – апын» деп оқытты. Одан да өттік. Отбасының өзінде бата беру, ақсақалдық азайған қазір. Жалпы, бәрін жастардан көрте болмайды. Өсіп келе жатқан, бұғанасы қатпаған жас буын алдыңғы толқын ағаларына, ақсақалдарға қарап бой түзейді. Барлық тәрбие отбасыдан басталады. Ата-ана баласына, бала ата-анасына дұға жасап жүруі керек. Бұл дұғаның қабыл болатыны жайлы хадистерде айтылған. Дастархан басында, намаздан соң бата беру дәстүрі сиреп барады. Тамақ ішіп, тұрып кете беретін, мүлдем бата оқылмайтын шаңырақтар бар. Мұны «ұсақ-түйек» деп



ойлап, өзіміз ұсақталып барамыз. Ақсақалдар да азыйып кетті. Бата алуды балаларымызға үйретпейміз. Өзі келіп бата беретін жанашырлар да аз. Бірақ, бұған бір жақты карау – қате. Аузы дуалы, батағой ақсақалдардан арнайы барып, бата алу керек. Балаларымызды ертіп жүріп, салиқалы ортаға қосу қажет. Десек те, болашақтан үміт – зор. Мешітте жастар мол, – дейді ҚМДБ Қарағанды облысы бойынша өкілі Иمامы Естай Айтғұнұлы.

Байкасақ, бұрынғының балалары ә дегеннен араб, шағатай, парсы тілдерін меңгерген. Ал, ол тілдерді білген бала күллі мұсылман әлемінің жақсы қасиетін бойына сіңіре алды. Сұлтанмахмұттың «Жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен» деген

екі жол өлеңін қараңызшы. Қылшындап тұрған бас ақын осындай даналық биігіне қалай жетті? Әрине, қанындағы Ұлы Даланың даналығына қоса, шығыс халықтарының ғылыми жастайынан бойына сіңірді. Шығыс халықтары әдепке, ізет-құрметке, патриоттыққа бас маман берді. Бізге қазір осы жетіспей тұрғандай. Қазір балаға бірден ағылшын, француз, қытай тілін үйретеміз. Бұл тілдерді үйренген бала батыстың мәдениетімен өседі. Нәтижесін, көзіміз көріп отыр. Ұят дегенді ұмыттық. Дінге «әдеп-ғұрпие негізі» деп емес, басқа көзбен қарайды кейбіреулер. Әрине, көпке топырақ шашуға болмас.

– «Алтын алма, бата ал» деп қазақ бекер айтпаған. Үнемі бата алып жүретін адамдардың өніп-

құлағына күйе қажет. Қазір техника дәуірі. Бала көп дүниесін интернеттен алып жатыр. Оның дұрыс немесе бұрыстығын қай ата-ана тексеріп отыр? Яғни, ішкі рухани әлем, талғам құрып барады. Содан талғамсыз, ойсыз, катыгез жастар өсіп келеді. Қызыл-жасылға қызығып, тамырынан алыстап барады. Жастарға тәрбие мен білімнің көзін бағдарлап жатқан шенділер шетелдерде оқып келіп жатыр. Солардың бәрін уызына жарыған дей алмаймыз. Арасында дінге, ырым-тұйымға, салт-дәстүрге жігеріне қарайтынандар бар. Балық басынан шірітінді де ұмытпайық, – деп атап өтті атақты Қосым қожаның ұрпағы, Қарақалпақстандағы «Шабаз баба» медресесінің түлегі Бауыржан Серімбетов.

• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Күрескер

Бірде досымның үйінде құдалық болып, қол ұшын беруге бардым. Құдаларды күтіп алып, төрге жайғастырдық. Сөздің реті келіп, екі жақ танысуды бастады. Құдалар сөзді төрде отырған кең мандайлы ақсақалға ұсынды. Оның шешендігі мен білімі бізді таң қалдырды. «Осымен қырық бірдеңесінші рет бас құда болып келіп отырмын» деп әзілдеп те қойды. Құдалардың шыққан тегін мысалдармен көмкеріп шебер таныстырды. Сөз соңында байыпты түрде «Мен осы әулеттің үлкені – Жарылқасын деген құдаларыңыз боламын» деді. Ділмарлығына таң қалғаным сонша, есім-сойы жадымда сақталып қалды. Сол тектінің тұяғы, жақсылардың сарқыты Жарылқасын Бикенұлы туралы жазбаққа қолға қалам алдым.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зымырап өтіп бара жатқан өмір-ай, десеңші. Аппал азамат, ақылшы аға, асқар тау әке, қамқор жар, ардақты ата бола білген Жарылқасын Бикенұлының өмірден өткеніне 2 жылдан асты. Кеше ғана ағайын-туыстың арасында түйдек-түйдек сөйлеп, төрде бата беріп отырған абыз ақсақалдың асыл бейнесі бүгінде сағынышка айналған.

Жарты ғасырға жуық уақыт бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешкен асыл жары Әниаш Бикенова сағынғанда жарының кітап, фотоальбомдарын ақтарып, мауқын басады.

– 17 жыл Қарағанды кооперативтік институтында мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды. Іштарлық, көреалмаушылық, өтірік айту дегенді білмейтін. Бала-ларына да «Өтірік айтпаңдар, мансап пен байлыққа қызықпай, таза жүріп-тұрыңдар» деп үнемі құлағына құйып отыратын. Маған тілін тигізіп, балағаттап, ауыр сөз айтқан кісі емес, – дейді Әниаш апай.

Аңқылдаған кең жүректі Жарылқасын Бикенұлының балалық шағы соғыстан кейінгі дүрбелең шаққа деп келді. Жастайынан үлкендердің батасын алып, көріқұлақ болып өсті. Әкесі Бикен сұрапыл соғысты бастан өткерген азамат еді. «Әке көрген оқ жонар» демекші, кейіпкеріміз бала кезінен әкесіне еріп жүріп, еңбекке ерте араласты. Руы – Қуандық – Алтайдың Мойын бұтағынан тарайды.

– Анамыз Зағипа тоғыз құрсaq көтерген. Зейнеп, Дәмектен, Әуес, Мәуеш, Бекболат, Жұмабек, Жарылқасын, Рахметолла (Рахат) Меркасым. Өкініштігі Зейнеп, Дәмектен, Бекболат, Жұмабек төртеуі екі-үш жастарында әлдебір аурудан шетінен кеткен. Апам Әуес, Мәуеш пен қос інім көз алдымда өсті. Әкемнің үш-төрт сыныптық білімі бар, шешей оқымаған. Бірақ, қазақы тәрбие, ата дәстүр, салт-санасымен өскен жан-дар. Әке-шешем нұқып қалып немесе қатты сөйлеп көрген емес. Мен оларды сыйлай білдім. Айтқанын екі етпедім. Оқуда, еңбекте дұрыс жүріп, дұрыс тұрған адаммын, – деп еске

алыпты бір сұхбатында Жарылқасын Бикенұлы.

Жарылқасын Бикенұлы Бикенов – 1943 жылдың 9 сәуірінде Нұра ауданы, Көбетей ауылында өнегелі отбасында туған. Ынтымағы жарасып, ырысы шалқыған Көбетей ауылының таза ауасын кең тыныстай жұтқан өрелі бала туған өлкенің көкорай шалғынына көз тоқтатып, кіршіксіз көңілі тояттап өсті. Абыз кеуделі азаматтың ел құлағын елең еткізетін естеліктері том-том кітапқа жүк болады.

Бала кезінен ғылым атаулының атасы математиканың жанындай сүйіп, қосы, алу, көбейту, бөлу амалдарын өмірінің бір бөлігіне айналдырған. Оның ізденімпаздығы, алғырлығы болашақ жетістіктерінің іргетасына айналды. Жаны жайсаң Жарылқасын Бикенұлы – Калинин орта мектебін үздік аяқтаған талапты шәкірттің бірі. Көзінде от ойнап, жүзін жалын шарпыған жасында «Шахтер» ауылындағы жұмысшы кооперативінде қатардағы бухгалтердің шәкірті болып еңбек ете бастады. Азаматтық борышын адал атқарады да, әскер қатарында жүріп, әуе қорғанысы авиациясында механик болып еңбек етеді. Жан-жақтылығымен жалпақ жұртты таң қалдырады. Новосібір кеңес және кооперация саудасы институтын үздік аяқтап, қызметте қырағылығымен ел ықыласына бөленді.

– Әскерде жүріп, сырттай оқыды. Кеңес үкіметі кезінде мұндай жағдай сирек кездесетін. Білімділігі, адамға деген жанашырлығы, елге көмектескісі келіп тұратыны елден ерек. Кез келген ортада қысылмай, ойын еркін жеткізетін. Сөзге шешен әрі шежірені жетік білетін. Ән айтқаны, бата бергені тіпті бөлек, – депті бір сұхбатында мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов.

Орда бұзар отыз жасында екі көзі көрмей қалып, үлкен қиындыққа тап болды. Десек те, тағдыр басқа салған сынаққа мойымай, мұқалмас туа біткен ерік-жігерінің арқасында ауқымды істердің басы-қасынан табыла білді.

– Жұмыста жүр едім. Маған телефон соғып, көзінің көрмей қалғанын айтты. Ол кезде 25-темін. Өзі бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жан еді. Жедел ауруханаға алып бардық. Жылдам ота жасалды. Наталья Борисовна деген білікті дәрігер бар еді. Ол Жәкештің адамгершілігі мен азамат-

тығын бағалап, туған бауырындай қарады, – дейді Әниаш анамыз.

Жарылқасын ағамыз сауығып шыққан соң жұмысына деген ынтасын жоғалтпай, тиянақтылықпен қарап, біліктілігімен жұртты тәнті етіп, аз уақытта Нұра аудандық тұтынушылар одағы бас бухгалтерінің орынбасары қызметіне жоғарылады. Есепке келгенде мүдірмей, қателікті кешірмейтін мамандықтың жілігін шағып, майын ішті, майталманына айналды. Ауданнан облысқа жоғарылап, 28 жасында көп адам 40 жаста әзер алатын қамалды бағындырады. Тұтынушылар одағында бас есепшінің орынбасары болғанда Мәскеулік басшылар оның қырағылығын жоғары бағалап, көп ұзамай бас есепші болып бекітіледі. Іргелі облыстың есеп-қисабы бір адамның миына сыйғаны ел сүйсінерлік құбылыс емес пе?! Осылайша, Алла



берген дарынымен, кеуде кнерген жалынымен 40 жылдай уақыт бас есепші қызметін адал атқарған бірегей тұлға.

Әскерден келісімен ауылдың аймаңдай аруы Әниаш анамызбен көңіл жарастырып, отау қараты. Сегіз қырлы, бір сырлы ағамыз өнерден де құр алақан емес. Сөйлегенде сөздің майын тамызып, отырған ортасын сілтідей тындыратын. Ашық-жарқын дауысымен елді өзіне қаратып, ғибратты әңгіменің тиегін ағытқанда кешегінің би-шешендеріндей көсіле жөнелетін. Білікті экономист кесе-көлденең келген қиындықтардан да асқан білімдарлығының арқасында шығып кетіп отыран.

– Қасында көп жүрдім. Өте жақ-

сы сыйластық. Бір айта кетерлігі есте сақтау қабілеті керемет еді. Осыдан 30-40 жыл бұрынғы оқиғаларды күні мен уақытына дейін дәл айтып отыратын. Шежірені сұрай қалсаң, тереңнен қозғап бәрін түгендеп, әр рудан шыққан жақсы-жайсандарды атап береді. Жүрген жерінде «Жәкен келді» деп, ел жаны қалмай сыйлап, батасын алып, Құран оқытып жататын, – депті бір естелігінде отставкадағы полковник Есентай Шәйменов.

Жарылқасын Бикенұлына берілген «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағы да несін тапқан марапат. Өйткені, ол бухгалтерлік есепке алуға бағытталған тұшымды, сана сілкіңтер сауатты тұжырымдар жасаған білікті маман. Бөлек дарын иесі. Тіпті, бүкілодақтық басқосулар мен конференцияларда атағынан ат үркетін замандастарын өткір

тәрбиелеген. Бүгінде шәкірттері баршылық. Осындай ел дамуына сүбелі үлес қосқаны үшін «Нұра ауданының Құрметті азаматы» атанған.

– Үлкен астар мен жиындарда Жарылқасын ағаға бата жасататынбыз. Батаны жүректен беруші еді. Хан баласындай тік, би баласындай нық сөйлейтін. Ол кісіні батағөй абыз ақсақалдықтың символы десек, артық емес. Өмірден өтсе де, ұмытылмайды. Адал жүрегі, ақ пейілі мәңгі жүрегімізде. Біреу туралы сыртынан жаман сөз мүлдем айтпайтын. Жұмбақтап сөйлеп, зиялы екенін көрсететін, – дейді сол кездегі ҚМДБ облыстағы өкіл имамы Өмірзақ қажы Бекқожа.

Ал, соңына рухани мұра болып қалған «Өмір сынақтарының сыны» кітабына өмірбаяны, әр кездері түрлі деңгейлі басылымдарда жарияланған мақалалары, өзі туралы замандастарының естеліктері, арнау өлеңдері және ыстық лебіздері топастырылған.

Сондай-ақ, осы кітапта қазақтың белгілі ақыны Қайрат Жұмағалиевтің Жарылқасын Бикенұлы туралы «Нұра перзенті» атты деректі поэма-сы берілген. Көз жанарының сәулесі сөнсе де, көкірек көзі ояу арда азамат осы кітапқа енгізген құнды деректерді диктофонға 30 сағат сөйлеп жазыпты. Осыдан-ақ, оның еңбеккорлығын, қайсарлығын көруге болады.

Туысқанға бауыры елажіреп тұратын ел ағасы Құдай берген дарыны мен ешкімге ұқсамайтын пайым-парасатының арқасында «Қарпық шежіресі», «Қарпық және кожа шежіресі», «Алтай Қалыбек шежіресі», «Тока шежіресі» сынды құнды кітаптардың жазылуына бастамашы болып, сұңғылалығын дәлелдеді.

Адал қызметі үшін берілген «Құрмет», «Парасат» ордендері оның шынымен құрметті, парасатты жан екенін аңғартады. Солардың ішінде, халық берген «Жаны жайсаң Жарылқасын» деген ең биік атағы бар.

Әкесі Бикен ақсақал майданға аттанып бара жатып, жарына «Ұл туса, есімін Жарылқасын кой» деп аманаттаған. Баладай көңілі мен ақ жүрегін шынымен Алла жарылқады. Өмірде адаспай, өз сара жолымен жүріп, әке үмітін ақтады. Жүріп өткен күреске толы өмір жолына қарап, шын мәнінде «Күрескер» деуге тұрарлық жүрегі түкті азамат. Дені сау жандардың өзі аздаған сынаққа шыдамай, сынып жатқан заманда, көз нұрыңсыз-ақ еңсесін тік ұстап өмір сүру, адал еңбек ету Жарылқасын Бикенұлы сынды арда туған азаматтардың ғана қолынан келеді.

Осы сөздердің бәрін өткен шақпен айту бізге оңай емес. Соңында қалып, Жарылқасын Бикенұлының ошағының отын сөндірмей түтінін түндігінен түзу ұшырып отырған Әниаш анамызға Алла қуат бергей! Ұл-қыздары мен немерелеріне бар жақсылықты тіледік. Жаратушы иеміз жарылқап, жаныңыз жәннатта болғай, Жарылқасын аға!

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Жылжымалы кабинеттер ашылды

Облыстық клиникалық аурухананың хирургия орталығында жылжымалы емдеу және таңу кабинеттері ашылды. Бұл туралы аурухананың баспасөз қызметі хабарлады.



Донғалақты кешендер медбикелердің жұмысы үшін қажетті құралдар, вакутайнерлер, антисептиктер және қалдықтарға арналған ыдыстар қойылатын арнайы ұяшықтармен және сөрелермен жабдықталған.

– Ем-шараларды бастамас бұрын бөлімше медбикелері жылжымалы кабинетпен клиникалық фармация бөлімшесіне жіберіледі. Ол жерде әр пациентке қажетті дәрі-дәрмек алады. Жылжымалы кабинеттердің ыңғайлылығы осы жерде тағы байқалады. Себебі, медбикелер ауыр заттарды жұмыс істейтін бөлімшелерге өздері көтеріп әкелмейді. Кейін, палаталарда әр пациентке қажетті инъекциялар жүргізіп, сына-маларды алады, – дейді облыстық клиникалық аурухана өкілі.

Қазір орталықта сегіз жылжымалы емдеу және екі таңу кабинеті бар.

– Жылжымалы кабинеттер медбикелер үшін ыңғайлы. Өйткені қажет нәрсенің бәрі қолда. Бұған дейін сынама алу үшін лотоктарды бірге алып жүретін. Ал, әр науқасқа ем-шара жасағаннан кейін аталған лотоктарды ауыстырып отыру керек. Бұл – медбикенің уақытын алатын. Науқас енді медбикенің қолын қалай өңдейтінін, мөрленген құралдарды, препараттарды қалай апаратынын және қалдықтарды арнайы ыдысқа тастайтынын көріп отырады. Бұл әсіресе қозғалысы шектеулі пациенттер үшін өте ыңғайлы. Ауыр ота жасалғаннан кейін пациенттердің біразға дейін өздігінен жүріп-тұра алмайтыны белгілі. Осы жағдайда жылжымалы кешен пациент үшін де, медбике үшін де ыңғайлы болып тұр, – дейді аға медбике Хадидша Сүлейменова.

Өз тілшімізден

• БРИФИНГ

Ақбөкендер өліміне аландар негіз жоқ

Қарағанды облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен «Ақбөкен» кең ауқымды табиғат қорғау акциясын өткізу туралы брифинг өтті. Брифингте «Охотзоопром» өндірістік бірлестігінің Орталық өңірлік филиалының басшысы Шындос Омаров биылғы киіктер өлімі мен оның не себептен болғанын мәлімдеді.

Сондай-ақ, Шындос Омаров «Ortalyq Qazaqstan» газеті бетіне шығып қозғалған қорықшылар жалақысының мәселесі өз шешімін тапқанын да жеткізді. Былтыр газетіміздің басты бетінен берілген «Атындардың» артында айтары бар» атты мақалада ақбөкен қорыған бір қызметкердің орташа жалақысы 170-200 мың және бұл басын бәйгеге тігіп, ғұмырын қару асынуден өткерген қызметкер үшін аз екендігін жазған едік. Ал, биылғы брифингте қорықшылардың жалақысы 100 пайызға өсетіні мәлім болып, табиғат жанашырларының тақиясын аспанға атқан күні болды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл ақтүтек боранмен Арқа төсін басып Бетпаққа бет алған киік санының көптігі көлденең көлік көзіне, қала берді жүргізушілер сөзіне айналды. Ұлытау облысына барып келгендердің айтар әңгімесі – киіктің көші.

Ал, наурыз айының ортасында Жаңаарқа ауданында киіктердің қырылғаны туралы дерек тарайды. Бұл – шынайы факт. Оны жергілікті тұрғындар да растайды. Тұрғындар «Қарауылтөбе» деп аталатын атшабар маңында бірсыпыра киіктің өлекесін көрген. Әлеуметтік желіге арнайы жазылған видеотаппа да тарайы.

– Қазақ даласының байлығы, мақтаныш нышанының теріскейге қарап теңкиіп жатқан жансыз денесін көруден асқан қайғы жоқ екен. Оның үстіне қазір күн күрт



жылып, өлексенің иісі жергілікті тұрғындардың мазасын қашыруда. Аңқаны алар жемтіктің иісінен тіпті жылқы жеріп, оскырынады. Бір емес бірнеше бастың бұлай жаппай өлуіне не себеп? Бұл бір аң ауруы ма? Ол дерт болса бұл өлексе маңына мал жайылса одан тұрғындарға да қауіп бар деген сөз емес пе, – деп аландаушылығын

жеткізеті жаңаарқалық Толсын Беренов.

Бұлай аландау орынды-ақ. Өйткені, киік те үй жануарындай шөппен оттайды. Егер белгілі бір аң ауруы кесірінен қырылған болса онда дереу мәселе мән жайын анықтаған абзал. Міне, дәл осы тұрасында Шындос Омаров маман ретінде пікірін білдірді. Және аландауға негіз жоқтығын алға тартып күпті болған көптің күдігін сейілтті.

– Ұлытау облысында 60-қа жуық киік өлімі тіркелді. Бұл рас. Алайда ақбөкен белгілі бір дерттен қырылған жоқ. Бұл – табиғи өлім. Жыл сайын киіктер көшіп қонады. «Текенің бүркілында» ересек аталықтар өлімі жиілейтіні бар. Оның үстіне биылғы қыс қаһарынан қорықпас пен аналық ешкілер өлімі жиіледі. Оған себеп ақбөкеннің жасаған жасының әсері, суыққа төзу мен қоректің жетіспеушілігі. Жалпы киіктер жаратылысынан аз жасайтын жануар. Мысалы ақбөкеннің аталығы 5-6 жыл ғана ал, аналығы 7-8 жыл өмір сүреді. Осыларды ескерер болсақ, киіктің бұл санаулы өлімі ешқандай да қауіп төндірмейді, – деп сендірді Шындос Омаров.

Маман сөзінше, қазіргі таңда Жаңаарқа аумағындағы киіктер өлекесі жиналып жойылуда. Оны жергілікті мамандар қолға алған.

Құттықтаймыз!

Құрметті әкемізді 85 жасқа келуімен құттықтаймыз!

Әкеміз 1937 жылы Семей облысының Қайнар ауылында дүниеге келген. Қасіретті Қайнар ауылы «атом бомбасын жасап-сынау полигоны» деген сұмдыққа тап болады да, Абыралы ауданы жабылып, халқы таратылады. Жан-жаққа бытыраған жұрттың бір тобына ілесіп, әкеміз Қауия – әкеміз Бердалы мен үлкен қызы Бәтияны ертіп, Қарағайлы кентіне табан тірейді.

Әкеміз Қарқаралы пансионатының 4-сыныбына оқуға беріледі. 1957 жылы мектепті бітіріп, сол жылы білімінің байыптылығының арқасында Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі.

Институтты бітіргеннен соң ұстаздық жолын жолдамамен Баянауылда бастап, табиғат інжу-маржаны – Қарқаралы ауданының Қасым ауылының орта мектебінде, одан кейін асқар Алатау баурайындағы Еңбекшіқазақ ауданының Көк-Төбе ауылындағы Жандосов атындағы мектепте жалғастырады. 1978 жылы ел жаққа, атап айтқанда Доғалан ауылына көшіп келдік. Әкеміз қатардағы мұғалімнен бастап мектеп директоры лауазымындағы қызмет жолынан өтеді.

1989 жылы Қарқаралыға оралып, зейнеткерлікке шықса да орта мектепте, мал-дәрігерлік техникумында мамандығы бойынша дәріс береді. Сол жылдары қайта ашылған Абыралы ауданындағы әкеміздің кадр-қасиетін білетін басшылары «маман жетіспейді» деп қолқалаған соң Дегелең етегіндегі Сапарғали Бегалин ауылына қоныс аударды.

«Оңтайландыру» желеуімен аудан қайта жабылады да, Майқұдыққа көшіп келуімізге тура келеді. Бүгіндері әкеміз Құдай жолына біржолата бет бұрып, бес уақыт намазын жібермейтін салауатты мұсылман, иманы көміл ақсақал. Сол Майқұдықтағы «Бала қажы» мешітіндегі жұма намазы мен басқа да іс-шараларын босатпайтын намазхан.

Әкемізге денсаулық, қуаныш-бақыт тілеуші: балалары **Болат-Қарлығаш, Салтанат-Ертай**, немерелері **Бекзат, Перизат-Азамат, Құнанбай**, жиендері **Жанболат, Ерболат** және шөберелері **Ибраһим, Ясина, Абдулали, Дінмұхамед, Мұхаммед, Сүлеймен**.



• ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Әскери зейнеткерлер бас қосты

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жанындағы Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті бастығының орынбасары, ауған соғысының ардагері, генерал-майор Мұқан Дюсекеевтің жетекшілігімен Приозерск гарнизонының әскери зейнеткерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Басқосуға осы гарнизонға қарасты әскери бөлімдер мен мекемелерде еңбек етіп жүрген әскери зейнеткерлер шақырылды. Мақсат – әскери зейнеткерлерді көптен бері толғанып жүрген түйткілді мәселелердің шешімін табу.

Алдымен, сөз алған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі зейнетақымен қамтамасыз ету орталығының құқықтық жұмыстар бойынша офицері, аға лейтенант Дархан Рысмағанбетов зейнеттақы мәселесі турасындағы сауалдарға жауап іздесе, келесі кезектегі мінберге көтерілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери медициналық басқармасының аға офицері, медицина қызметінің полковнигі Сәулет Калдашов әскери зейнеткерлердің әскери медициналық орындарда ем қабылдауы туралы айтты. Зейнеткерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі тұтындаған сұрақтарға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери инфраструктуралық Бас басқармасының офицері капитан Бақыт Мамиев жауап берді.

Кездесу барысында әскери зейнеткерлер қатарынан за-

пастағы әділет подполковнигі Болат Шатыбеков, запастағы кіші сержант Алма Қойлыбаева және «21-ші жол жөндеу» Республикалық мемлекеттік мекемесіндегі кадр бөлімінің бастығы Рәзия Қарсыбекова өздері қойған сұраққа қанағаттанарлық жауап алды.

Келелі басқосуға Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Үмітәлі Бектаев, Қарағанды облысының Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев, Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығының мониторинг және бағалау маманы Сымбат Қуанышбекқызы, сонымен қатар ауған соғысының ардагері Полат Қанатұлы қатысты.

Думан ЖҰМАШҰЛЫ,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы, лейтенант

Еске алу

2023 жылдың 11 наурызында ардақты әкеміз **Бекен Қалиұлы ТӨЛЕУБАЕВ** 85 жасында мәңгілік мекеніне аттанып, балалары, немерелері мен шөберелері үшін сағынышқа айналды.

Әкеміз, Қарағанды медициналық институтын 1963 жылы бітіргеннен кейін еңбек жолын Егіндібұлақ ауданы Арқалық совхозында учаскелік дәрігер болып бастады.

Маманданғаннан кейін хирург мамандығын игеріп, 1971 жылы Егіндібұлақ ауылындағы аудандық ауруханаға жіберілді.

1975 жылдан бастап Шахтинск қаласының медициналық-санитарлық бөлімінде 27 жыл бас дәрігердің орынбасары лауазымында дәрігерлік-еңбек сараптамасы жөніндегі комиссияны басқарды. Лауазымына қарамастан, практикадан бас тартпады, жоспарлы операциялар жүргізді, дәрігерлік шеберлігін үнемі арттырды, хирург, травматолог болып қызмет атқарды. 45 жылды құраған барлық емдік жұмыс өтілі барысында мінсіз қызметі үшін «Денсаулық сақтау үздігі» белгісімен, көптеген грамоталармен және Алғыс хаттармен марапатталды.

Оның жоғары кәсібилігін әрдайым әріптестері мен емделушілері бағалайтын, өзінің жұмыс жылдарында ол өзінің бай тәжірибесі мен терең білімін бере отырып, көптеген студенттерді тәрбиелеп дәрігер мамандығына жол ашқан.

Жұбайы Шолпан Ақылбекқызы Ақшабаевамен бірге 6 бала, 6 немере тәрбиеледі.

Зейнеткерлік жасқа толғаннан бастап, өмірінің соңына дейін өзін Аллаға қызмет етуге арнады.

2016 жылы 78 жасында Меккеге қажылық жасады.

Әкеміз біз үшін әрқашан ақылдың дариясы, қайрат пен төзімнің үлгісі болды, асқар тауымыз, панамыз және тірегіміз еді.

Жаныңыз жәннатта, нұрыңыз пейіштің төрінде шалқысын.

Еске алушылар: **балалары**

Әкеміздің өмірден өткеніне 40 күн толуына байланысты рухына құран бағыштап, 2023 жылдың 15 сәуір күні сағат 20.00-де Шахтинск қаласы Карл Маркс к-сі, 10, «Раяна» мейрамханасында ас берілетінін ағайын-туыс, әкемізді танитын жора-жолдастарына, таныстарына, қызметтес әріптестеріне хабарлаймыз.

• ҚҰҚЫҚ

Заңсыз жерге қоқыс төгу – ҚЫЛМЫС

Қарағанды тұрғыны рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісіне 20 жүк көлігіне сыятын құрылыс қалдықтарын тастаған.

Бұл дерек облыстық экология департаменті мен жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері бірлесіп жүргізген ЖЭО-1 ауданындағы рейд жұмыстары кезінде анықталды. Заң бұзушы оқиға орнында ұсталды, оған айыппұл салынады.

Қазіргі уақытта құқық бұзушылықтың мән-жайы анықталуда.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 344-бабында («Қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу») жеке тұлғаларға 50 АЕК (172 500 теңге) мөлшерінде айыппұл қарастырылған. (лауазымды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар үшін – 100 АЕК (345 мың тг)).

Егер сіз заңсыз қоқыс шығарудың куәсі болсаңыз, экология департаментіне (8-7212) 41-09-66 телефоны арқылы хабарлауыңызға болады.

Өз тілшімізден

• КЕЗДЕСУ

Түзеу мекемесіндегі игі істер

Биыл Қарағанды облысының №35 түзеу мекемесі едәуір ауқымды жұмыстар атқарды.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Солардың бірі подполковник Еркебұлан Ақшопалов ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына оқуға шақыру мақсатында Шет және Ақтоғай аудандары бойынша бірнеше мектептерді аралап, оларға таныстыру жұмыстарын жүргізіп, барлық мектептердің 11-сынып оқушыларына кездесу ұйымдастырды.

Кездесулердің басты мақсаты – академияға жас түлектерді тарту, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді жандандыру және жетілдіру, жасөспірімдердің бойына жоғары патриоттық сананы, өз Отанына адалдық сезімін, азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін қалыптастыру болып табылады.

Мұндай іс-шаралар түзеу мекемелері мен құқық қорғау органдарының жұмысын одан әрі жандандыратынына сеніміміз мол және Қарағанды облысы бойынша мұндай іс-шаралар әлі де жалғасын табатын болады

• ҚЫЛМЫС

Есірткімен ұсталды

Қарағандыда психотроптық заттарды қойып кетумен айналысқан 20 жастағы күдікті құрықталды.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімінің қызметкерлері Гоголь көшесіндегі үйлердің бірінің жанында есірткі сақтау және өткізу қылмысына күдікті қызды ұстады.

Тінту барысында одан ұнтақ затты бар 6 байлам тәркіленді. Тұрғылықты пәтерін тексеру кезінде полицейлер тағы да 50 орамды тапты. Сондай-ақ, күдікті көрсеткен жерден тағы 2 орам табылды.

Сараптама қорытындысына сәйкес, орамда жалпы салмағы 4 грамм

• ТІЛСІЗ ЖАУ

Қарағандыда екі қабатты ғимарат өртенді

Бүгін, 7 сәуір күні сағат 15:40-та Қарағандыда Төтенше жағдайлар департаментіне «Бытовая» көшесінде өрт шыққаны туралы хабарлама келіп түскен.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«КазСанВенСтрой» ЖШС екі қабатты ғимаратының 250 шаршы метр аумақта шатыры мен терезе, есік блоктары жанған.

Өртті сөндіруге Төтенше жағдайлар департаментінің 34 құтқарушысы мен 8 техникасы жұмылдырылды. Құтқарушылар өрттің таралу қаупін жойып, өрт сағат 17:00-де ауыздықталды.

Зардап шеккендер жоқ. Өрттің



болатын психотроптық препарат болған.

ҚР ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігі «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында

заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

Ұсталған қыз қамауға алынды.



шығу себебі анықталуда. Өрттің алғашқы белгілері кезінде, тіпті, жанудың ең кішкентай бел-

гілері (түтін, жану иісі) анықталса да дереу «101» немесе «112» номерлеріне хабарлау керек.

Қарағанды облысы: ауа райы				
	8 сәуір		9 сәуір	
	10 сәуір			
Қарағанды қаласы	+16	+3	+16	+1
Абай ауданы	+15	0	+16	0
Ақтоғай ауданы	+13	-7	+15	-4
Бұқар жырау ауданы	+15	+1	+15	0
Қарқаралы ауданы	+14	+3	+14	0
Нұра ауданы	+15	+2	+15	+1
Осакаров ауданы	+16	+4	+15	+2
Шет ауданы	+14	0	+14	0

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

• ОҚЫС ОҚИҒА

Жылқыдан инфекциялық індет тарады

Бұқар жырау ауданына қарасты Үміткер ауылында жылқы малы арасында ауру тарап, ауыл карантинге жабылды. Зертханалық сынамадан кейін індеттің «эпизоотиялық лимфангит» екені анықталған. Аурудың алғашқы белгілері ақпан айында байқалыпты.



Жылқы арасында ауру тарағалы ауыл тұрғындарының тоғыз бас жылқысы өліп, 15-і оқшауланған. Бұл індет «Африкалық маңқа» деп те аталады екен.

Ауылдық округте қазір 2200-ге жуық жылқы малы бар. Қазір ауру ошағы анықталған жері зарарсыздандырылып жатыр!

«Мемлекеттік ветеринарлық инспектор тарапынан карантин жариялау бойынша ұсыныс берілді. Осыған байланысты карантин шаралары атқарылады. Жылқыны карантинге алып баруға тыйым салынады. Мал иесіне республикалық қордан өтемақы төленеді», дейді облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Данияр Мергазин.

«Ашық» НҚА порталында ауылдық округ әкімінің шешімі жарияланған болатын:

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Үміткер ауылдық округі Үміткер ауылы аумағында жылқылар арасында «эпизоотикалық лимфангит» ауруының пайда болуына байланысты карантин белгіленсін. Аудандық ветеринария бөлімі жұқпалы аурудың таралуына жол бермеу мақсатында эпизоотия ошағында және қолдайыс пункттерде ветеринариялық-санитариялық шарт-жағдай жасап, қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды өткізсін, – делінген хабарламада.

Өз тілшімізден

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ЕЗ АРАҢ ШИНАЛАР

САТПАЙМЫЗ,

ЕЗ АРАҢДАҒА БАҒАЛА

САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1

тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• ТҰСАУКЕСЕР

Бес миллион қазақтың рухына қойылған белгі

Қарағандыдағы «Сарыжайлау» кинотеатрында режиссер Бекарыс Елубайдың «Ақ боз үй» тарихи драмасының көрсетілімі шығармашылық топтың қатысуымен өтті. Туынды Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген. Премьер аалдында картина режиссері Бекарыс Елубай, актерлер Қайрат Кемалов, Айдар Асарбайдың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тарихи фильм 1930 жылдардағы ашаршылық туралы баяндайды. Ол белгілі жазушы кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» тарихи роман-трилогиясының желісімен түсірілген.

– «Ақ боз үй» романында өткен ғасырдың 1930 жылдарында қазақ даласында ұжымдастырудан кейін ілесе келген ашаршылық кезеңі сипатталған. Фильм осы кездегі ауыл өмірін баяндайды. Дерек бойынша, аштықтан бес миллиондай адам қайтыс болған. Ру басшысы – Пахрадин би елін құтқару үшін Түркіменстанның шөлді құмдары арқылы қарақалпақтың Қонырат қаласына қайту туралы шешім қабылдайды. Адамдар киіз үйлерін тастап, белгісіз, бейтаныс қалаға жаяу жол тартады. Біз қалада өскендіктен, көшпенді өмірден бейхабармыз. Әкем Смағұл Елубайдың көп көмегі тиді. Сол кездегі көшпелі өмірді, шаңырақтардың қаңырап бос қалғанын, халықтың ащы мұң-зарын көрсеткіміз келді, – дейді режиссер Бекарыс Елубай.

Фильмде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының белді артисі Қайрат Кемалов – бас кейіпкер Пахрадин образын сомдап шыққан. Жары Сырғаны – Күлжәмила Белжанова, қызы Хансұлу ролин Ұлдана Құдайбергенова, күйеу баласының образын Айдар Асарбай ойнаған.

Өткен жылы Түркиядағы «Қорқыт ата» түркі әлемінің халықаралық кинофестивалін-

де Қайрат Кемалов осы фильмдегі ролі үшін «Үздік ер адам ролі» сыйлығын алған еді. Фильм басталмай тұрып, Түркиядан жеткен сыйлықты режиссер Бекарыс Елубай үздік роль иесіне салтанатты түрде табыстады.

– Фильмді түсіру өте қиын болды. Жаздың аптап ыстығында таңдайымыз кеуіп кете



берді. Әр бес минут сайын үзіліс жасап, су ішіп, салқын сумен жуынып отырдық. Ал, ашаршылық кезінде осы құм арқылы шұбырған халықтың жағдайын елестете беріңіз. Киноға түсу барысында аштықтан азап шеккен жұрттың жай-күйін шын сезіндім. Түсірілім біткен соң, фильмді көріп көзімнің жасын тия алмадым. Осындай қиы тағдыр кешсе де сынбаған рухы биік халықтың ұрпағы болғаныма мақтанамын. Ел аумағында қазақ тілді фильмдерді ақша үшін емес, елдің ертеңі үшін тегін көрсететін жалғыз мәдениет



орны «Сарыжайлау» кинотеатрына алғысым шексіз, – дейді Қайрат Кемалов.

Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романы 1989 жылы жазылған. Қылышынан қан

арқылы тұтас елдің қайғы-қасіретін беруге тырысқан. Фильмге романның соңғы бөлімі арқау болды. Тағы бір ерекшелігі құмды өлкеде түсірілуі. Құмда қандай ыстық болатынын білесіздер. Су жоқ. Бұл фильмнің мәнін аша түскен. Түсірілім жұмыстары Маңғыстаудың Үштаған ауылынан басталып, Алматы облысында жалғасты, – дейді Айдар Асарбай.

Фильмді көрген зиялы қауым өкілдері қазақ тарихының ақтаңдақ мезетін айшықтаған фильмнің сюжетіне, актерлердің ойынына, картинаның көркемдік деңгейіне ризалығын білдірді. «Әрбір қазақ көруге тиіс кино!» деп әсерімен бөлісіп жатты көрермендер. «Себебі, бұл – бізден 70 жыл бойы советтік режим жасырып келген қасіретті тарих. Басқа елдің тарихында мұндай қолдан жасалған аштық аз. Сол уақытқа сапар шектік. Кейіпкерлермен бірге қайғырдық», – дейді олар.

Фильмнің соңғы тұсында Пахрадин жарынан айырылып, әлі құрып діңкелегенде көзіне өзінің ақ боз үйі елестейді. Сағым көшкен шексіз құмды аймақта бейкүнә жандардың рухы фәниден бақиға аттанып бара жатады. Оған жын соғыс елсізге тентіреп кеткен келіннің зарын қосыңыз. Пахрадиннің өздері талғажау етіп отырған азғантай бидайын ауыл балаларына бөліп беріп, аштықтан аман алып қалуы – аштық кезеңіндегі әрбір ауыл ақсақалының символындай еді.

Ұзақтығы 1 сағат, 34 минут болатын, бес миллион қазақтың рухына қойылған белгі іспеттес фильм 30 наурыздан бастап прокатқа шыққан. Оны Kinopark желісінің кинотеатрларынан көруге болады.

• КӨРМЕ-БАЙҚАУ

Галактика балалары

5 сәуірде Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында «Біз – галактика балаларымыз» атты жыл сайынғы «МастерART» көрме-байқауы ашылды. Көрмеге тылсым ғаламның сыр-сипатын ашатын бояуы қанық кескіндеме, графика, мүсін, компьютерлік графика, сәндік-қолданбалы өнер туындылары қойылған. Туынды авторлары – облыстағы қосымша білім беру мекемесінің 60-тан астам педагогі.

Суретшілер картина арқылы көрермен қиялын шарықтататын аллегориялық көркем образ жасап, тылсым әлемге, шексіз ғарыштық кеңістікке сапар шеккізеді. Көрмеге қойылған барлық туынды ғаламның құпиясын білуге, әр адамға өзінің ішкі ғарыштық әлеміне үңілуге шақырады. Ол 16 сәуірге дейін жалғасады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрме-байқауды Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы мен №1 балалар көркемсурет мектебі ұйымдастырды.

– Биыл мұндай көрме-байқау облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы мен Қосымша білім беру ассоциациясының жоспарына сәйкес алғаш рет өткізіліп отыр.

Бұған дейін бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін анықтау мақсатында 2012 жылы өткізілген екен. Ол кезде көркемдік бағытта қосымша білім беретін педагогтердің шығармашылық бастамасын жүзеге асыруды көздейтін ешқандай жоба болған жоқ. 2013 жылы көрме-байқаудың негізгі талаптары анықталды. Алғашқы жылдарда Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинскіден 30-40 педагог қатысқан болатын. Бүгінде қатысушылар саны артты. Былтыр Жезқазған, Ұлытау, Балқашта болды. Сондай-ақ, облыстағы ең танымал байқауға айналды. Облыстың білім беру басқармасының бұйрығына сәйкес, биыл қосымша білім беру педагогтері аттестатталады және жеңімпаз атанған қатысушылар жетістігі аттестацияға қажет портфолиоға енеді, – деді облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақытгүл Әбдікорова. Сондай-ақ, ол мұндай көрмеге алғаш рет келгенін әрі туындылардың ерекшелігіне таңданғанын жасырмады.

№1 балалар көркемсурет мектебі директорының міндетін атқарушы Гүлмира Калы-

шеваның айтуынша, Қарағандыда әртүрлі тақырыптағы осыған ұқсас 11 көрме өткен.

– Педагогтер дайындалып үлгеруі үшін көрме өтетіні туралы ақпарат әдетте оқу



жылының басында жарияланады. Көрмеге ұсынылатын экспозиция еш жерде жарияланбаған болуы қажет. Бұған дейін өткен көрмелер Қазақстанның Тәуелсіздігін, өткенге деген сағынышты, уақыт туралы, биік қиыры туралы болды. Биыл ғаламның, ғарыштың, зерттелмеген әлемнің, кез келген рухани аспектілер тақырыбын қамтыды.



Мұнда әр қатысушы өзіне ұнайтын тақырыпты таңдады, – деді ол.

Гүлмира Калышева осы көрмеге «Ғаламнан туған» атты өз туындысын да ұсынған.

– Бұл картинаны жасауға Қазақстанға, еліме деген сүйіспеншілік түрткі болды. Одан қазақ халқының ұлттық болмысы аңғарылады. Біз бәріміз жерде өмір сүреміз,

бәріміз ғаламның балаларымыз, осы нәрсе жұлдыздардағы әйел бейнесін жасауыма себеп болды. Әрқайсымыз – ғарыштың бір бөлігіміз. Мен өз картинама жердегі физикалық, көктегі рухани ұғымдарды біріктірдім, – деді Гүлмира Ғабдыманатқызы.

Мұндағы көлемді картина – Шахтинск қаласындағы Ә.Исмаилов атындағы балалар көркемсурет мектебінің оқытушысы Наталья Сайгушеваның «Байқоныр» ғарыш станциясын бейнеленген «Старт» туындысы.

– Көрме-байқаудың тақырыптарынан маған Қазақстанның ғарыштық мұрасы қатты әсер етті. Сондықтан таңдауым «Байқоныр» бейнесіне түсті. Картинаны кенеп арқылы салдым. Ғарыш тақырыбына аса қызықпаймын, дегенмен бағымды сынап көргеніме қуаныштымын. Алдын ала алты эскиз жасадым, аспан түстес көк пен сары түсті таңдадым. Содан соң қызыл және қызғылт сары реңктерді пайдаландым, – деді Наталья Сайгушева.

Айта кетейік, «Біз – галактика балаларымыз» атты «МастерART» көрме-байқауы 16 сәуірге дейін жалғасады.

• ТЕННИС

Аламанға Алан да түседі

Үстел теннисінен Черногорияның Подгорица қаласында өтетін WTT Youth Star Contender турниріне қатысатын Қазақстан командасының өкілдері анықталды.

Сәуір айының 11-15 аралығында өтетін жарыста қарағандылық Алан Құрманғалиев (№ 11 әлемдік рейтингте 19 жас) және сонымен қатар, шымкенттік Сарвиноз Миркадинова бақ сынаиды.

Ал, олардың қарсыластары Тайбэй елінің спортшысы Као Ченг-Джуй, румыниялық Эдуард Ионеску секілді танымал теннис жұлдыздары болмақ.



• АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Асудың алар асуы алда

Қазақстандық жеңіл салмақтағы жекпе-жек шебері Асу Алмабаев UFC ұйымымен келісімшартқа отырды. Әзірше келісімнің егжей-тегжейлі мәліметі жарияланған жоқ. Десек те, қазақстандық файтерлі әріптестері мен бауырлары құттықтап, жеңіс тілеуде.

Айта кетейік, Асу Алмабаев кәсіпқойлар арасындағы 19 жекпе-жектің 17-сінде жеңіске жетіп, екеуінде ғана жеңілген. Сондай-ақ, ол «Brave FC» промоушенінде төрт жекпе-жек өткізген және оның төртеуінде айқын басымдықпен тәмамдаған.

Алмабаев кейінгі жекпе-жегінде филиппин Кеннет Маннигатты уақытынан бұрын жеңді. Жекпе-жек 2022 жылғы қарашада Индонезияның Бали қаласында «Brave CF 66» турнирінде өтті.



• ВЕЛОСПОРТ

Қола – қолда

«Astana Qazaqstan Team» велокомандасының шабаңдозы Марк Кавендиш «Шелденпрайс» Фландрияның Бельгия аймағындағы 111 классикалық көне бір күндік жарысында үздік үштікті қорытындылады.

Ұлыбритания жарысының чемпионы Марк мәре сызығынан ә дегенде алға шықты. Бірақ соңғы елу метрде жарыс жеңімпазы Яспер Филиппсен мен П орын иегері Сэм Вэлсфордқа жол берді.

– Мен Эдвард Тенстің үлеуінен кейін жүрдім. Кейін Дилан Груневегенмен позиция үшін сайысуға тура келді. Сондықтан мен желдің өтіне тым ерте, мәреге 450 метр қалғанда шықтым. Осылайша Яспер алға шықты және оның жылдамдығы тым жоғары болды, – дейді Марк Кавендиш



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqda Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустральный Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МХСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyyk.kz@gmail.com; ortalyyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2XX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№39 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**